

Тұрақты және табысты мемлекеттің сенімді іргетасы бола алатын, халықты топтастыратын негізгі құндылықтар қатарына теңдік, еңбексүйгіштік және білімділік жатады.

Елбасы
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

БІЛІМ



МЕКТЕПТІҢ
ИМИДЖІ МАҢЫЗДЫ 9

ТӘУЕЛСІЗДІК-30



ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ:
30 ЖЫЛДЫҢ
30 СӘТІ 12-13

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

14.10.2021

Түнде:

+1+3 °C
Көшпелі бұлтты
жауын-шашынсыз

Күндіз:

+13+15 °C
Көшпелі бұлтты
жауын-шашынсыз



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

15.10.2021

Түнде:

+1+3 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз

Күндіз:

+13+15 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №124 (6100) 14 қазан, бейсенбі, 2021 жыл.

МЕРЕЙТОЙ ҚАРСАҢЫНДА

Ұлт ұстазының үйі қала меншігіне өтті



Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев ұлттың ұлы ұстазы, қазақ қоғамы мен мемлекетінің қайраткері, ағартушы, акын, аудармашы, педагог, публицист, түркітанушы, ғалым Ахмет Байтұрсынұлының тарихи-мәдени мұрасын сақтау мақсатында маңызды шешім қабылдады. Қалаға жұмыс сапары кезінде шаһар басшысы Ахмет Байтұрсынұлының музей-үйінде болып, тарихи

ғимарат қоғамдық қор иелігінен алынып, қала меншігіне өткенін мәлімдеді. «Келер жылы көрнекті ағартушы А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толады. Мерейтойға дайындық барысында қоғам қайраткері тұрған мұражай-үйді қала меншігіне қайтардық. Оның мұрасы мәңгілік сақталды», – деді қала әкімі.

ХАЛЫҚ САНАҒЫ-2021



ҰПАЙ ТҮГЕНДЕЛЕТІН ТАРИХИ СӘТ



13 қазан күні Алматы қаласы бойынша Статистика департаменті халықаралық сарапшы, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Мемлекетаралық статистикалық комитетінің төрағасы Владимир Леонидович Соколинмен онлайн-санақ және Алматы қаласы интервьюерлерінің үйді аралауы туралы жиын өткізді.

ҚЫСҚА...

- 2022 жылы ТМД-ға Қазақстан төрағалық етеді.
- Мемлекет басшысы Ұлттық жобалар тізбесін бекіту туралы Жарлыққа қол қойды. Он ұлттық жобадан тұратын тізбенің соңы «Қауіпсіз ел» ұлттық жобасымен түйінделген.
- Білім және ғылым министрлігі 2022 жылдың қаңтар айынан бастап I-сынып оқушыларына «Цифрлық сауаттылық» пәні енгізілетінін мәлім етті.
- 15-16 қазан күндері Алматы қаласының Республика сарайында Корей мәдениетінің фестивалі өтеді.
- Мегаполисте болашақ кәсіпкерлер мен инвесторлар үшін ортақ алаң жасалуда.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.



ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ҰЛТТЫҚ ЖОБАЛАР
ТІЗБЕСІ БЕКІТІЛДІ

Мемлекет басшысы ұлттық жобалар тізбесін бекіту
туралы
Жарлыққа қол қойды

Ұлттық жобалар тізбесін бекіту туралы

2021 жылғы 13 қазан

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қоса беріліп отырған ұлттық жобалар тізбесі бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
- 1) осы Жарлықтың 1-тармағында көрсетілген ұлттық жобаларды бекітсін;
- 2) осы Жарлықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.
3. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.
4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2021 жылғы 7 қазан
№670

Қазақстан Республикасы Президентінің
2021 жылғы 7 қазандағы
№670 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Ұлттық жобалар тізбесі

1. «Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» ұлттық жобасы.
2. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы.
3. «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы.
4. «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасы.
5. Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба.
6. «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы.
7. «Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған орнықты экономикалық өсу» ұлттық жобасы.
8. «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы.
9. Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі ұлттық жоба.
10. «Қауіпсіз ел» ұлттық жобасы.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: Ақорданың ресми сайты).

ЦИФРЛЫҚ ДАМУ

ҒЫЛЫМ, ИННОВАЦИЯ ЖӘНЕ БИЗНЕС

Бағдат Мусин осы саладағы ұлттық жобаны таныстырды



Әсел
ДАҒЖАН

Сейсенбі күні Үкімет отырысында ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин осы саладағы ұлттық жобаны таныстырды.

«Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» Ұлттық жобасына тоқталсақ, оны іске асыру аясында тиісті көрсеткіштерге қол жеткізу жоспарланған. Интернет желісін пайдаланушылардың санын 91-ден 95 пайызға жеткізу, мемлекеттік қызметтерді 9 күннен 5 минутқа дейін қызмет көрсету уақытын қысқарту, бизнестен талап етілетін деректердің 50% онлайн есепке алу, Қазақстан аумағы арқылы «Азия – Еуропа» жалпы транзиттік деректердің трафик деңгейін 3%-дан 8%-ға жеткізу ескерілген. Сондай-ақ, ІТ-экспортын 500 млн. АҚШ долларына жеткізу, инновациялық өнім көлемін 1,7-ден 2,5 трлн. теңгеге арттыру, коммерцияландыру жобаларын жеке қаржыландыруды 50%-ға жоғарылату жоспарланды. Әр мақсатқа жету үшін тиісті іс-шаралар қарастырылған», – деді Б.Мусин.

Ұлттық жоба 10 бағыт және 208 іс-шарадан тұрады, оларды іске асыру 2025 жылға дейін жоспарланған. Ұлттық жоба екі блокқа бөлінген: ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ, ол: Қызметтерді 5 минут ішінде көрсету; ІТ саласын дамыту; Халық үніне құлақ асатын және тиімді мемлекет; Ыңғайлы өмір сүруге арналған цифрлық құралдарды қолдану; Технологиялық және инновациялық бизнесті дамыту; Сапалы интернет пен ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

ҒЫЛЫМ блогы; Ғылыми экожүйенің бәсекеге қабілеттілігін арттыру; Елдің дамуына ғылымның үлесін арттыру, яғни ҒЫЛЫМ-ӨНДІРІС-БИЗНЕС принципі қолдану; Ғылымды әкімшілендіруді жетілдіру. Ұлттық жобаны іске асыру үшін 1,4 трлн. теңге мөлшерінде бюджеттік қаражат бөлу талап етіледі. Оның ішінде цифрландыру және инновацияларға 587,8 млрд. теңге және ғылым бағытына 833 млрд. теңге қарастырылған. Жалпы, ұлттық жобаны іске асыру үшін 800 млрд. теңге жеке инвестицияны тарту қарастырылған. «ІТ саласының дамуы» бағыты бойынша жыл сайынғы экспортты 500 млн. АҚШ долларға жеткізу, жалпы 500 млрд. теңге инвестиция тарту үшін 100 мың жұмыс орнын құру қарастырылған. Сондай-ақ, криптоиндустрияның әлемдік айналымынан кірістің 1%-ын тарту, көрші мемлекеттерге қызмет көрсете алатын DATAHUB құру ескерілген», – деді министр. «Халық үніне құлақ асатын және тиімді мемлекет» бағытында: мемлекеттік органдардың құжат айналым көлемін 50%-ға төмендету, яғни цифрлық технологияларды пайдаланудың арқасында құжат айналымын қысқарту; салалар деректерінің 50%-ын цифрлық форматта есепке алу, смартфон арқылы азаматтардың мемлекеттік органдармен өзара байланысы мен мемлекеттік органдарды бағалау қарастырылған. «Интернет желісіне ену деңгейінің 95%-ға қол жеткізу үшін мынадай құралдарды енгізу жоспарлануда: төмен орбитадағы спутниктерді пайдалану, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер байланыс қызметтерін субсидиялау, 5G-ді облыс орталықтарында және республикалық маңызы бар қалаларда енгізу», – деді министр.



Үздіктер марапатталды



Рая
ЕСКЕНДІР

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев мегаполистің ең үздік ұстаздарына құрмет көрсетіп, бағалы сыйлықтар табыстады.

Қалалық әкімшілікте шаһар басшысы биылғы ұстаздар арасында өткен байқауларда жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан мәртебелі мамандық иелерімен ұстаздар қауымына өзінің жүрекжарды тілегін арнап, қиындығы мен қызығы қатар жүретін, жауапты қызметтеріне табыс тіледі. Өз сөзінде ол өткізіліп отырған байқаулардың маңыздылығы мен ұстаздардың шығармашылығын шыңдауға тигізетін әсерінің мол екеніне тоқталды.

– Мұндай байқаулардың берері мол. Ең алдымен, өз мамандығы бойынша үздіктерді анықтауға бағытталған шара дарынды мұғалімдерді қолдап, беделін арттырып, озық педагогикалық тәжірибені бөлісу мақсатында өткізіледі, – деді шаһар басшысы. Сонымен қатар, қала басшысы мемлекет тарапынан білім саласына көрсетіліп жатқан қолдаулар туралы кеңінен айтып, биылғы Мемлекет басшысының дәстүрлі Жолдауында көрсетілген тапсырмалардың орындалу барысы туралы да әңгімеледі. Қаламызда салынып жатқан жаңа мектептер, оқушылардың орын жетіспеушілігі, қосымша білім беру мекемелері, басқа да өзекті мәселелер әңгіме өзегіне айналды.

Шаһар басшысы қала мектептеріне жаңадан қосылып жатқан жас мамандарға көрсетіліп жатқан қолдаумен де таныстырып өтті.

– Осымен үш жыл қатарынан жас мамандарға бірреттік қаржылай көмек көрсетіліп жатыр. Мұ-

ның өзі жас маманның аяғынан тұрып кетуіне аз да болса көмек екені анық. Ағымдағы жылы осы мақсат үшін жергілікті бюджеттен 33 млн. теңгеден астам қаражат бөлініп, 556 жас маманға көмек көрсетілді. Бұған қоса, мұғалімдеріміздің тұрғын үй мәселесі де оңынан шешімін табууда. Өткен жылы тек «Алматы жастары 3.0» қалалық бағдарламасы аясында 307 білім саласы қызметкері баспаналы болса, биыл 245 педагог жеңілдетілген несиені пайдаланып отыр. Мұндай қолдау әлі де жалғаса беретін болады, – деді қала әкімі.

Дәл осы күні қаламыздың ең үздік мұғалімдері жоғары марапатқа қол жеткізіп, қуанышқа кенелді.

Бақытжан Сағынтаев «Алматының жыл мұғалімі» байқауының Бас жүлдесіне ие болған, №39 мамандандырылған лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Нұржігіт Амановқа Alma City тұрғын үй кешенінен 2 бөлмелі пәтердің кілтін табыс етсе, 1-орынды иеленген №10 гимназияның физика пәнінің мұғалімі Дарын Сайыновқа Фольксваген Поло автомобилін сыйға тартты. Сонымен қатар, байқаудың екінші және үшінші орындарына ие болған №96 мектептің бастауыш сынып мұғалімі Раиса Цой мен №92 мамандандырылған лицейдің химия пәнінің мұғалімі Суннатолла Қауымбаев қаржылай сыйақымен марапатталды.

Сондай-ақ, 10 үздік педагогке, оның ішінде балабақша тәрбиешілеріне қала әкімінің арнайы гранттары табыс етілді. Алматының атынан республикалық байқауға қатысып, абыроймен оралған Республикалық «Үздік педагог» байқауының жеңімпаздары да қаржылай сыйлықтарға ие болды. Білім саласына көрсетіліп жатқан осындай қолдаулар үшін барша ұстаздар атынан Алматының ең үздік ұстазы Нұржігіт Аманов ризашылығын білдірді.

Баспаналы болды



Әсел
БЕЛДЕУБАЕВА

Қала әкімі Б.Сағынтаев қаза тапқан полицейлердің отбасына пәтер кілтін тапсырды.

Шаһар басшысы қайғылы оқиғадан қаза тапқан полицейлердің отбасымен кездесті.

Кездесу барысында қала әкімі тағы да көңіл айтып, полицейлердің жесірлеріне пәтер кілтін табыстады. Алматы әкімдігінің бастамасы сот шешімін орындау бойынша қызметтік борышын орындау кезінде қаза тапқан полицейлердің отбасын қолдау мақсатында қабылданды.

Полиция капитаны Нұрбол Байғазиев ішкі істер органдарында 2014 жылдың қыркүйегінен бастап қызмет еткен. 2021 жылдың 28 шілдесінен бастап Алатау аудандық ПБ жанындағы полиция бөлімінің учаскелік полиция инспекторы қызметін атқарды. Оның артында 5 және 7 жастағы екі баласы қалды.

Полиция майоры Дархан Сүлеев ішкі істер органдарында 2003 жылдың қаңтарынан бастап қызмет етті. 2021 жылдың 20 тамызынан бастап Алатау аудандық ПБ жанындағы полиция бөлімінің учаскелік



полиция инспекторы қызметін атқарды.

Оның артында кәмелетке толмаған 5 баласы қалды, олардың ең кішісі – 4, үлкені – 16 жаста. Н.Байғазиевтің отбасы сияқты оның да жеке тұрғын үйі болмаған.

Естеріңізге салсақ, қаладағы Алатау ауданы «Ақбұлақ» шағынауданында 20 қыркүйек күні сағат 17.00-де төтенше оқиға болып,

54 жастағы қала тұрғыны 5 адамды атып тастаған еді. Алматы қаласы полиция департаменті баспасөз қызметінің ақпаратына сәйкес, олар сот үкімін орындауға келген. Үкімге сәйкес, үй иесі баспананы босатуға тиіс еді. Бірақ 1967 жылы туған ер адам қарсылық көрсетіп, екі полицей мен сот орындаушыға және олардың жанындағы екі адамға оқ атқан.



ЗАМАНАУИ АЛАҢҒА АЙНАЛМАҚ



Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев бизнес-инкубатор орналасатын ғимараттағы жөндеу жұмыстарының барысымен танысты.

«Ходжанов көшесі, 2/2 ғимаратында кәсіпкерлерге арналған жалпы ауданы 3 мың шаршы метр болатын нысан дайындалуда. 430 жұмыс орнын құру жоспарлануда», – деп жазды Б.Сағынтаев өзінің Instagram аккаунтында.

MOST IT Hub Almaty кәсібін жаңа бастаған кәсіпкерлер мен инвесторлардың мүдделерін біріктіріп, бизнес-идеяларды іске асырудың заманауи алаңына айналмақ.

Стартаперлер үшін идеядан венчурлік инвестицияларға дейінгі жобаларды әзірлеуге мүмкіндік беретін қолайлы экожүйе құрылады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

98 КӨШЕГЕ АСФАЛТ ТӨСЕЛЕДІ

Қала әкімі Бақытжан Сағынтаев Жаңа Алматының инфрақұрылымын дамыту үшін жасалып жатқан жұмыстарды тексерді.

Жұмыс сапары кезінде әкім халықты сумен қамту, жол жөндеу жұмыстарымен танысып, қалаға кенже қосылған аудандардағы әлеуметтік нысандардың құрылысын көрді. Бақытжан Әбдірұлы алдымен Алатау ауданындағы «Алғабас» ықшамауданына барды. Мұнда 17 шақырым су құбыры мен 13 шақырым су бұру желісі жүргізілген. Нәтижесінде жаңа құбырларға 1332 абонент қосылады. Келесі жылы тағы 1500 тұтынушыға желі тарту жоспарланған. Жұмысы аяқталған учаскелерде жолдар ретке келтіріледі. Бүгінде ұзындығы 4,2 шақырым болатын 9 көше жасалған. Жалпы, ықшамауданда 98 көшеге асфальт төсеу көзделіп отыр. Сондай-ақ, 21 көшеге жарық шамдары қойылған. 32 трансформаторлық қосалқы станция ауыстырылып, 73 шақырым электр желісі жаңартылмақшы. Осылайша 21 мың тұрғыны бар «Алғабас» ықшамауданының тұрмыс жағдайы жақсарып, жалпы қалалық стандарттарға сай болмақ.

Әсел ДАҒЖАН.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен өткен апта сайынғы аппараттық кеңесте әлеуметтік-экономикалық дамудың аралық қорытындылары, жылыту маусымының басталуы, жеке сектордың өртке қарсы қауіпсіздігі, халық санағының барысы қаралды.

Алматы экономикасының негізгі салаларында ағымдағы жылдың 9 айының қорытындысы бойынша экономикалық өсімнің жоғары деңгейін көрсетті. Мәселен, қаңтар-қыркүйек айларында қысқа мерзімді экономикалық индикатор **109%-ды**



ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ ЖОҒАРЫ

құрады. Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі **752,8 млрд. теңгені** құрады, НКІ – **117,8%**.

Көлік және логистика саласындағы көрсетілетін қызметтердің нақты көлем индексі 2020 жылғы ақпаннан бастап алғаш рет оң динамиканы көрсетті және ағымдағы жылғы қаңтар-тамыз айларымен салыстырғанда **2,5%-ға** ұлғайып, **101,2%-ды** құрады.

Өнеркәсіп саласында өндірілген өнім көлемі **1 трлн. теңгеден** асты. НКІ **120,1%-ды** құрады. Бұл ретте өнеркәсіп өнімін өңдеу саласындағы НКІ **120,7%-ды** құрады. Сондай-ақ, электрмен жабдықтау және ыстық сумен қамтамасыз ету қарқынының **22,1%-ға**, НКІ-**122,1%-ға** өскені байқалады.

Сауда саласының қалпына келтіру өсімі жалғасты. Қаңтар-қыркүйекте бөлшек сауданың НКІ **112,6%-ды**, көлемі – **2 трлн. 948,8 млрд. теңгені** құрады. Көтерме тауар

айналымының НКІ-і **103,2%-ды** құрады, ал көлемі **7,6 трлн. теңге**.

Байланыс қызметтерінің көлемі **13,9%** өсіммен **437 млрд. теңгені** құрады. Бұл Интернет желісіне қолжеткізуді ұсыну бойынша қызметтер көлемінің **16%-ға** және ұялы байланыс қызметтері көлемінің **11,5%-ға** өсуіне орай іске асты. Тоғыз айдың қорытындысы бойынша **52,3 мың жұмыс орны** құрылды, оның ішінде тұрақты жұмыс орындары – **34,7 мың**, уақытша жұмыс орындары – **17,6 мың**.

Алматы әкімі Б.Сағынтаев аталған салаларға жетекшілік ететін орынбасары І.Өсерове және Стратегия және бюджет басқармасының басшысына «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын орындау бойынша әлеуметтік-экономикалық дамудың

болжамды көрсеткіштеріне, нысаналы индикаторларға және Жол картасына қолжеткізу мәселесін бақылауда ұстауды тапсырды.


Жылу беру маусымының басталуы жөніндегі мәселені қарау қорытындысы бойынша әкімнің орынбасары М.Әзірбаев аудан әкімдерімен, тиісті мемлекеттік органдармен және қызметтермен бірлесіп, жылу беру маусымының өтуін ерекше бақылауда ұстағандары жөн.

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Төтенше жағдайлар департаментінің басшысы Р.Қасымбаевқа жеке тұрғын үй секторын аралауды жалғастыру, қауіпсіздік шаралары туралы түсіндіру жұмыстарын күшейту тапсырылды.

Қала әкімі халық санағы мәселесі бойынша тиісті қызметтерге Ұлттық бюроның статистика департаментімен бірлесіп санақ науқанын өткізу бойынша жұмысты жандандыруды тапсырды.

САҢДАР СӨЙЛЕЙДІ

Алматыда қаңтар-қыркүйек айларындағы қысқа мерзімді экономикалық индикатор



109% -ды құрады.

Мегаполисте 9 айдың қорытындысы бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі

752,8 млрд. теңге болды.



Қала бойынша жыл басынан бері өнеркәсіп саласында өндірілген өнім көлемі



1 трлн. теңгеден асты.

Алматыда биылғы жылдың қаңтар айынан бері



52,3 мың жұмыс орны ашылды.

Жаңа әуе рейсі

Моңғол авиакомпаниясы Улан-Батордан Алматыға тікелей рейс ашуды ұсынды.

Қала әкімі Бақытжан Сағынтаев Huppi Air авиакомпаниясының директоры Мунхжаргал Пурэвжалмен кездесуде тікелей рейсті ашу перспективаларын талқылады.

Улан-Батордан Алматыға тікелей рейс Моңғолиядан келген студенттер мен бизнесмендерге қажет. Сондай-ақ, біздің әуежай Моңғолиядан Үндістанға және басқа елдерге ұшу үшін транзит ретінде тартымды. Кездесу қорытындысы бойынша Б.Сағынтаев моңғолдық әуе компаниясының мүддесі мен дайындығын қолдауға ниет білдірді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

Қаңтар-қыркүйек айларында қалада байланыс қызметтерінің көлемі **13,9%** өсіммен



437млрд. теңгені құрады.



COVID-19: ЖЕДЕЛ ШТАБ

ЭПИДАХУАЛ ТҰРАҚТАНДЫ

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен коронавирус инфекциясының таралуына қарсы іс-қимыл жөніндегі жедел штабтың отырысы өтті.

Қабылданған жүйелі іс-шаралардың және халықты вакциналаудың нәтижесінде ковидтің апталық көрсеткіші 100 мың тұрғынға шаққанда 169-дан 134,6-ға дейін төмендеген. Жыл басынан 10 қазанға дейінгі кезеңде 154,7 мың КВИ жағдайы, соңғы тәулікте 326 оқиға тіркелді. Оның үстіне, өткен аптада індетті жұқтыру индексі 0,94-тен 0,89-ға дейін төмендеген.

Қаланың Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің деректеріне сүйенсек, шаһар халқының иммундық қабаты шамамен 53%-ды құрайды. Ағымдағы жылдың 10 қазанындағы мәлімет бойынша, КВИ-ге қарсы екпенің екі компонентін де қабылдаған 892 482 адамның 2717-сі ковидпен ауырған, яғни барлығы – 0,3%.

Індет жұқтырғандардың жас құрамын салыстырмалы талдау кезінде байқалғаны – соңғы екі аптада 20–39 жас аралығындағы неғұрлым белсенді азаматтар арасында сырқаттанушылық 1,6%-ға, 40–59 жас аралығында 1,3%-ға, 60 жастан жоғарыларда 0,7%-ға өскен. Бұл ретте 14 жасқа



Photo: Turan Kazanypov © / YENGG

дейінгі балалар мен жасөспірімдердің көрсеткіші тиісінше 0,9%-ға және 0,6%-ға төмендеді.

Өткен аптаның қорытындысы бойынша ковидті ең көп жұқтыру орындары сауда нысандары (34%), қоғамдық көліктер (20%), отбасындағы байланыстар (16%) және базарлар (13%) болып отыр.

Мониторингтік топтар 4–10 қазан аралығында 195 рейд жүргізіп, 24 нысанда карантиндік шектеулердің бұзылғанын анықтаған. Нәтижесінде 106 хаттама толтырылып, оның ішінде заңды тұлғаларға 7 млн. теңгеден астам сомаға 21 хаттама жасалды. Бетперде режимін бұзғаны үшін жеке тұлғаларға қатысты 3,7 млн. теңге сомасына 85 хаттама жасалған.

Ashyq жобасы бойынша осы жылдың 29 қыркүйегі мен

5 қазаны аралығында жобаға қатысатын объектілердегі 171 келушіде «қызыл» мәртебе, «сары» 37 адамда расталған. 4–8 қазан аралығында «қызыл» мәртебесі бар 114 жеке тұлға өзін-өзі оқшаулау режимін бұзғаны үшін 30 АЕК көлемінде айыппұл салынған.

Жедел штаб отырысын қорытындылаған шаһар басшысы Б.Сағынтаев вакциналау бойынша түсіндіру жұмыстарын күшейтуді, білім беру нысандарындағы эпидемиологиялық ахуалға мониторингті, шектеу іс-шараларының сақталуын бақылауды жалғастыруды тапсырды. Сонымен қатар, Қоғамдық денсаулық басқармасына тұмау мен вакциналау күнтізбесіне кіретін ауруларға қарсы вакциналауды жалғастыру тапсырылды.

ЗАЛАЛСЫЗДАНДЫРУ

Барлық ауданды қамтиды



Алматы қаласында корона-вирустық инфекцияның ошағы бар көптеген тұрғын үйлерді залалсыздандыру жұмыстары күнделікті жүргізілуде.

Залалсыздандыру жұмыстары қаланың барлық ауданын қамтиды. Алматы қаласы Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің мәліметінше, 13 қазанда Алматының Алатау ауданында – 101; Алмалы ауданында – 602; Әуезов ауданында – 475; Бостандық ауданында – 651; Жетісу ауданында – 129; Медеу ауданында – 278; Наурызбай ауданында – 79; Түркісіб ауданында – 66 ошақта залалсыздандыру жұмыстары жүргізілетін болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

БРИФИНГ

Дүниежүзілік психикалық денсаулық күніне орай Алматы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында осы саладағы мамандар бас қосып, баспасөз конференциясын өткізді. Онда қазақстандықтардың психикалық денсаулығына қалай қамқорлық көрсетілетіні туралы айтылды.



ДДСҰ офісінің Қазақстан мен Орталық Азия елдеріндегі психикалық денсаулық бойынша ұлттық кеңесшісі Николай НЕГАЙ брифинг барысында психиатрия саласындағы қазақстандық мамандар құруға көмектескен бағдарламалар туралы айтып

берді. Олардың бірі – «Жасөспірімдердің өркендеуіне ықпал ету» әдістемелік материалдар жиынтығы.

Ұлттық кеңесшінің пікірінше, бүкіл әлемде жасөспірімдер мен жастардың психикалық денсаулығына алаңдаушылық басым. Сондықтан ДДСҰ мен БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) бастамасымен 2021 жылдың көктемінде жасөспірімдердің психикалық денсаулығын нығайту және қорғау, қауіпті мінез-құлықтың түрлі нысандарының алдын алу стратегиясы жарияланды.

Айта кетерлігі, қазақстандық мамандар осы әдістемелік материалдар пакетін әзірлеуге де қатысты. Бастаманың негізінде

БІЗДІҢ ПСИХИАТРЛАР
ДДСҰ бағдарламаларын әзірлеуге қатысты

барлық азаматтық қоғам жасөспірімдердің психикалық денсаулығын сақтау және нығайту бойынша бірлесіп іс-шаралар қабылдау үшін мемлекеттік құрылымдармен күш біріктіретін тұжырымдама жасап жатыр.

Сонымен қатар, психиатрлар ДДСҰ-ның Caregiver Skills Training (балаларға күтім жасау дағдыларын үйрету) бағдарламасын дамуында кемістігі бар және артта қалған балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар үшін әзірлеген.

«Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Еуропалық бюросының қолдауымен республикалық Психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы бұл бағдарламаны Қазақстанда осы жылдың қаңтар айында іске қосты. Бағдарламаны қазақстандық мамандар аударып, бейімдеп, шебер тренерлер дайындады, кейін оларға жетекшілік етті», – деді Н.Негай.

Бейімдеу жұмыстарына «Қазақстанның аутизм және басқа да даму проблемалары бар балалары мен жасөспірімдеріне қолдау көрсету, көмек көрсету қоры «Ашық әлем» ҰЕҰ және «Autism қолжетімді орта» жеке қоры тартылған.



ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы бас директорының қуаныш АЛТЫН-БЕКОВ мамандардың онлайн-кеңесін 250 мыңнан астам адам алғанын айтты.

Иә, пандемия салдарынан медициналық ұйымдардың жұмысы өзгеріп, науқастарға көмек көрсету тәсілі онлайн-режимге бейімделген. 2020 жылғы 4 сәуірден бастап БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) қолдауымен ДСМ Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен online-health.kz интернет платформасы іске

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ

Маммологтар күтеді

23 қазанда Алматы қалалық Онкологиялық орталығында «Ашық есік» күні өтеді. Сүт безінің қатерлі ісігін ерте бастан анықтау үшін ұйымдастырылатын іс-шараға барша қала тұрғындары қатыса алады.

Қабылдау Папанин көшесі, 220, Литер А мекенжайында жетекші маммолог-онколог мамандардың қатысуымен сағат 09.00–13.00 аралығында жүргізіледі. Барлық сауал бойынша 8 (727) 312-24-74 телефоны арқылы хабарласаңыздар болады.

Айта кететін жәйт, сүт безінің қатерлі ісігі Алматы қаласында статистика бойынша 1-орында тұр, ал өлімге әкелу салдары бойынша 2-орында. Шаһарда 9 айдың ішінде

514 әйелде сүт безінің ісігі анықталған. Сол себепті, сүт безінің қатерлі ісігін уақытында анықтау үшін мамандар тағы да маммография скринингінен өту туралы кеңес беруде.

Елімізде сүт безінің қатерлі ісігі бойынша ерте скринингтен өту мүмкіндігі 2 жылда бір рет 40 жастан 70 жасқа дейінгі әйелдерге қарастырылған. Дәрігерлердің айтуынша, алдын ала диагностикаланған ісікті толығымен емдеуге болады. Ал ауру асқынған кезінде анықталған болса, тым кеш болмақ және оны емдеу де қиынға түспек.

«Ашық есік» күнінің мүмкіндігін жіберіп алмайық!

Әзірлеген
А.ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

ЗЕРТТЕУ

COVID-19: қай қан тобы жұқтыруға бейім?

Айнұр
НҮРСАБЕТ

Қытай ғалымдарының зерттеуінше, II қан тобындағы адамдар коронавирустың жаңа түрлерін жұқтыруға бейім келеді екен. Бұл медициналық зерттеу Medrxiv сайтында жарияланды.

Ғалымдар науқастардың қан тобы мен коронавирустың жаңа түрлерін жұқтыру жағдайларының арасында қандай да бір байланыс барын анықтау үшін арнайы зерттеу жүргізді. Олар Ухань мен Шэньчжэньдегі үш аурухананың 2173 пациентіне COVID-19 расталған сынақ үлгілерін алды, олардың 206-сы коронавирустан қайтыс болған адамдарға тиесілі.

Ғалымдар алдымен Уханның 3694

сау тұрғынының бақылау тобын зерттеді, олардың ішінде 33,84%-і – I топ, 32,16%-ы – II топ, 24,90% – III топ, 9,10% – IV топ. «Цзиньтань» ауруханасының коронавирус жұқтырған 1775 (оның ішінде 206 қайтыс болған) пациентінің сынақтары мынандай нәтиже көрсетті: 25,80%-ы I қан тобы, 37,75%-ы II, 26,42%-ы III қан тобы, 10,03%-ы IV қан тобы.

Осыған ұқсас нәтижелерді Ухань мен Шэньчжэньнің басқа ауруханаларындағы тағы 398 пациенттің зерттеу нәтижелері көрсетті.

Зерттеу нәтижесі COVID-19-ға сезімталдық белгілі бір дәрежеде қан тобына байланысты деген қорытындыға келді. II қан тобы бар адамдар үшін бұл басқаларға қарағанда біршама қауіпті деп танылды.

қосылған. «Онда онлайн-режимде кеңестер беріледі, жазбаша сұрақтарға жауап алу мүмкіндігі бар, өзіне көмек көрсету бойынша ақпарат қамтылған, сондай-ақ, психикалық денсаулық мамандарына, оның ішінде мектеп психологтеріне қиын жағдайда көмек көрсету үшін ресурстар қарастырылған. Платформа іске қосылғалы 80 мыңнан астам пайдаланушы сайтқа кіріп, қызметімен танысып, 250 мыңнан астам көмек алған. 400-ге жуық толыққанды онлайн-кеңес өткізіліп, ұсыныстар берілген», – деді Қ. Алтынбеков.

Сондай-ақ, спикер психикалық ауытқулардың алдын алу, емдеу және мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдау туралы айта келе, қазіргі уақытта елімізде 17 өңірлік психикалық денсаулық орталығы, қалалық емханалар құрылымында 82 бастапқы психикалық денсаулық орталығы, аудандық деңгейде 201 психикалық денсаулық кабинеті жұмыс істейтінін айтты. Бұрын 2018 жылға дейін психиатрлар тек психиатриялық ұйымдарда қабылдаған болатын. Енді азаматтар психикалық денсаулық орталықтарына жүгіне алады.

Қ.Алтынбековтың мәліметінше, осы жылдың 9 айында алғашқы психикалық денсаулық орталықтары мен психикалық денсаулық кабинеттеріне келушілер саны 297 мыңнан асқан. Ол психикалық ауытқулары бар адамдарға арналған психикалық денсаулық ұйымдарында 735 төсек-орынды күндізгі 16 стационардың жұмыс істейтінін атап өтті.

Брифингте Дүниежүзілік психиатриялық қауымдастықтың (WPA) суицидология секциясының мүшесі Всеволод Розанов пен Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығының ғылыми менеджмент және білім бөлімінің басшысы Айгүлім Абетова да осы сала бойынша қол жеткен жетістіктерімен және ой-пікірлерімен бөлісті.

Нұр ЖАМАЛ.



ДӘРІГЕРМЕН СҰХБАТ

СЫРҚАТТЫ СЕНІМ ЕМДЕЙДІ

Алматының «Қалқаман» шағынауданындағы №7 қалалық клиникалық аурухананың бой көтергеніне биыл 30 жыл толып отыр. Бұл медициналық мекеменің дәл сол жерге салынуының үлкен тарихы бар дейді «Құрмет», «Еңбек Қызыл Ту» ордендерінің иегері, ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі, Республикалық денсаулық сақтау саласының ардагері Тұрарбек ТӨЛЕНДИЕВ.

Осы медициналық мекемені 10 жыл басқарған, қазір құрметті еңбек демалысындағы ардагер-дәрігермен аз-кем тілдескен болатынбыз.

– Бір жылдары Алматыда үлкен топансу болған. Сондай өзге де төтенше жағдайлар кезінде мегаполис халқын сақтап қалу үшін, әрі су басу қаупіне қалқан болатындай үлкен аурухана салу мәселесі көтерілген. Сонда Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев келіссөздер жүргізу арқылы Мәскеудің рұқсатына қол жеткізіп, түрлі апатты оқиғалар орын алатын болса, тоғыз жолдың торабы, сыртқы-ішкі қатынас үшін де, авиациялық ұшақтардың ұшып-конуына да қолайлы деп, осы жерге 1000 орынды аурухана тұрғызу туралы шешім шығарылған.

Аурухана іргетасы 1991 жылы қаланды. Ол тұста аурухананың айналасында, ауласында бірде-бір ағаш жоқ болатын. Айналасы жазда шаң-топырақ, жауынды күндері батпақ болып жататын. Тәуелсіздіктің елең-алаң шағында талай қиындық, жоқшылық, таршылық күндер өтті ғой. 850-900 науқас жататын. Сонда да ақ халатты абзал жандар антына адалдық танытып, төзім мен сабырды серік ете жүріп, талай жанға өмір, қуаныш, күлкі сыйлай білді. Сондықтан болар, отын-суымызға, дәрі-дәрмегімізге, тіпті төсек жаймаларына дейін қаражат жетіңкіремей жатқан тұстарда халықтан ешбір арыз-шағым түскен жоқ.

Мен осы медициналық мекемені 10 жылдай басқардым. Сол жылдары маған қолдау көрсете білген, сенім білдірген жанкешті әріптестерімді ешқашан ұмытпаймын. Егемендігімізге енді қол жеткізіп, етек-жеңімізді енді жинап жатқан тұста да қиындықтардан қорықпай, талай күрделі оталар, атап айтсам, асқазанға, омыртқаға, сынықтарға, тіпті миға да оталар жасалып жатты. Нейрохирург Мейман Көжекұлының, реаниматолог-анестезиолог Ақылбек Тобылбаевтың, Еңбек Ері, акаде-



мик, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Серік Ақшолдақовтың, Гүлжанан Жәкенқызы, Сәуле Баянқызы, Байжігіт Қамбаров, Марат Әлиев есімді аяулы әріптестерімнің ерен еңбектерін қалайша ұмытпайын! Бәріне алғысым шексіз.

Бүгінде аурухана бұрынғыдан да көркейген. Ауласы кең, түрлі қайыңдары, тал-терегі, емені бар, жасыл желегі жайқалып тұр. Аурасы тартымды. Жанына, тәніне дауа іздеп келген ағайынның панасы десем де болады. Басшылыққа білімді, білікті жас азаматтар келді.

– Әр сөзіңізден сол бір жылдарды сағынатыныңыз байқалады. Пациенттермен немесе әріптестеріңізбен байланысты есіңізде ерекше қалған оқиғалармен бөлісе отырсаңыз?

– Ондай оқиғалар өте көп қой, қапелімді есіңе түсе де қоймайды. Сонау бір қиындау жылдары кейде науқасқа берілетін сұйық дәрілер (медицина тілінде минзурка дейміз) жетпей қалып жататын. Сонда бізге соңғы үмітін артып келіп отырған жанға ешқашан жоқ деп айтуға қақымыз жоқ деп, медбикелерге сондай дәрілердің орнына кәдімгі жай суды құйып бере беріңіздер деп нұсқау беретінбіз. Себебі, біз олардың аппақ сенімін өшіріп алмауымыз керек. Екі-үш күннен соң тиісті препараттар жеткізіледі, әрине. Ал бір қызығы, науқастар

кәдімгідей тынайып қалады. Көрдіңіз бе, бұл жерде дәрігерге деген сенім үлкен рөл атқарып тұр.

Қоңыр күздің таңында бір әріптесіме палатада жатқан бір науқас келеді. «Дәрігер жолдас, мен түнде жайсыз түс көрдім. Түсімде біреу «мынау ағаш басындағы ең соңғы жапырақтар түсіп біткенде, сенің де өмірің үзіледі» деп жатыр екен», – дейді мұнайып. Дәрігер оны «әр нәрсені ойлап ми шаршағанда түске түрлі дүние ене береді, қамықпаңыз. Ол бар болғаны жай түс қой» деп жұбатады. Бірақ өзі түнімен ойланып жатып, ертеңіне таңмен таласа тұрып алып, жерде жатқан бес-алты сарғайған жапырақты ағаштың бұтақтарына сымтемірмен байлап тастайды да, өзі ештеңе болмағандай күнделікті жұмысын бастап кетеді. Кейін байқаса, әлгі пациент күнде терезенің алдында ағаштарға қарап тұрады екен. Бірақ ағаш басындағы бес-алты жапырақ желмен тербеліп күнде тұрады, түспейді. Сенесіз бе, сол адам ауруынан жазылып шығып, аман-есен отбасына оралған екен.

Әрине, осындай мейірімділік миссиясынан танбаған әріптестерімді, олармен бірге жүріп өткен жолдарымды сағынамын. Біздің осындай үлгі-өнегеміз кейінгі толқынға үлгі болса деген тілегім бар.

– Аға буынның жас буынға тағы айтары бар шығар?

– Дәрігер мамандығына кездейсоқ емес, жүрекпен келу керек. Бойыңызда адамзатқа деген ерекше мейірімбандық, адамгершілік қасиет болуы тиіс. Алдыңызға келіп отырған науқас сіздің бір ауыз жылы сөзіңізбен-ақ әлденіп сала беруі керек. Жастардың жанашылдыққа құмар болғанын, ізденуден ешқашан шаршамағанын қалаймын. Міне, сонда арқа-ғаныңыз тек алғыс болады.

– Әлемді әбігерге салып тұрған пандемия да бүгінгі медицинаны біраз тығырыққа тірегені рас. Енді ғана ес жиғандаймыз. Коронавирускқа қарсы вакцина туралы қандай пікірлесіз?

– Екпе туралы сонау замандардың өзінде-ақ Өтейбойдақ бабамыздың еңбектерінде айтылған. Бір замандары елді қынадай қырған сүзек, қызылша секілді жұқпалы ауруларды осы екпе арқылы ауыздықтағанбыз. Сондықтан коронавирускқа қарсы вакцина туралы түрлі қауесеттерге сенбей, ғалымдардың, дәрігерлердің сөзіне құлақ асқан жөн дер едім.

Сұхбаттасқан
Нұржамал ӘЛІШЕВА.

#ЕКПЕАЛ

Ревакцинация қалай өтеді?

Денсаулық сақтау министрлігі қазақстандықтарды коронавирустық инфекцияға қарсы ревакциналау тәсілдерін әзірледі. Бұл туралы министр Алексей Пой Facebook парақшасында айтты.

КВИ-ға қарсы вакциналаудың толық курсы аяқталғаннан кейін 6-9 айдан кейін қосымша дозаны енгізу ұсынылады. Бұл ретте:

– векторлық (Спутник) вакциналармен вакцинация алған адамдар – 9 айдан кейін инактивацияланған (Sinopharm, CoronaVac, Hayat-Vax, QazCovid-in) немесе м-РНҚ вакцинасымен (Pfizer) ревакцинация;

– белсенділігі жойылған вакциналармен (Sinopharm, CoronaVac, Hayat-Vax, QazCovid-in) вакцинация алған адамдар – векторлық (Спутник) немесе м-РНҚ вакцинасымен (Pfizer) 6 айдан кейін ревакцинация;

– М-РНҚ вакцинасымен (Pfizer) вакцинация алған адамдар – 6 айдан кейін инактивацияланған (Sinopharm, CoronaVac, Hayat-Vax, QazCovid-in) немесе векторлық (Спутник) вакцинамен ревакцинация;

– вакцинацияның аяқталған курсынан кейін КВИ-мен ауырған



адамдар – сауыққаннан кейін үш айдан соң.

Осылайша ревакцинацияның басталуы 2021 жылғы қарашаның III онкүндігінен басталады.

Ревакцинацияға арналған Контигент: тәуекел топтары (медициналық қызметкерлер, педагогтер, МӘМ және жабық мекемелердің персоналы мен контингенті, күш құрылымдарының қызметкерлері); 60 жастан асқан адамдар; өздігінен зерттеуден өткен және КВИ-ға қарсы антиденелерге теріс тест нәтижесі бар адамдар.

Ревакцинация үшін вакцинаның бір дозасы қолданылады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ІЗЕТ

Халықтың нағыз қаһармандары



Еңбек адамдарының ішінде Тәуелсіздігімізге өз үлесін қосып жүрген асқалатты абзал жандардың еңбегі ерекше екені сөзсіз. Мен осы тұста Алматы қаласындағы Ұлы Отан соғысына қатысушыларға, мүгедектерге және оларға теңестірілген тұлғаларға қызмет ететін емхана дәрігерлерінің еңбектері жайлы атап өткім келеді.

Бұл емханада, негізінен, Ауған соғысына қатысқандар және Чернобыль апаты мен Семей полигонынан зардап шеккендер, желтоқсандықтар мен соғыс кезінде тылда жұмыс істеген еңбек ардагерлері ем алады. Өзім де Семей полигонынан зардап шегуші ретінде осы емханада тіркеуде тұрамын. Аурухана дәрігерлері әр науқастың көңілін тауып, әрдайым төзімділік пен біліктілік көрсетеді.

Жас мамандарға үлгі болып жүрген ақ халатты абзал жандардың бірі – жоғарғы санатты терапевт-дәрігер Қалмахан Қуанышалиев өмірінің 40 жылдан астам уақытын осы дәрігерлік салаға арнаған. Жасы 70-ке жуықтап қалған Қалекенді бүкіл емхана ұжымы мен науқастар құрмет тұтады.

Емханадағы терапия бөлімшесінің меңгерушісі Үміткүл Дайымбаева да жас мамандарға өзінің 30 жылдық тәжірибесімен бөлісіп отырады. Білікті маманның шәкірттері №15 учаскелік бөлімшеге жаңадан келген терапевт-дәрігер Ақбота Бағдатқызы, Ақбота

Адырбек секілді жас мамандар өздерін жақсы қырынан танытып келеді.

Уролог Бақытжан Шанаев жасы 60-қа жуықтап қалса да, еңбектен қол үзбей, медициналық институтта қосымша дәріс оқып жүр. Білікті хирург-дәрігер Алтынқазы Тобатаев та зейнеткерлікке шықса да, еңбек етіп келеді. Офтальмолог-дәрігер Ақжан Файзуллаеваны да мақтанышпен айтуға болады.

Аға мейірбике Шайра Қоңқабаева өзімен бірге істейтін мейірбикелерге кеңесін беріп тұрады. Ал 30 жылдық тәжірибесі бар мейірбике Гүлнар Тасыбекованың кәсіби білімі дәрігерден кем емес. Емхананың жоғарғы санатты мейірбикелерінің бәрі – жаңа технологияны игерген мамандар.

Олар – Бибігүл Құрбанова, Лаура Еденова, Құралай Мұсақұлова, т.б.

Қиындығы мен машақаты көп дәрігерлік қызметін мүлтіксіз орындап, халық денсаулығын күзетінде жүрген осындай ақ халатты абзал жандарды халықтың нағыз қаһармандары десе де болғандай. Олар әлі де болса мемлекет қамқорлығына мұқтаж. Дәрігерлердің материалдық жағдайы түзу болса, міндетін алаңсыз атқаруға мүмкіндіктері мол болар еді. Алғысын арқа-ған осындай абзал жандардың мерейі әрқашан үстем болсын деп тілейміз.

Әбділдәбек ЖАНАТОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.

ДАУА

МӘМС пакетінің ауқымы кең



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру есебінен қаламыздың білікті де білгір дәрігерлері 90 жастағы пациенттің жамбас буынын алмастырды.

Алматы қалалық №4 аурухананың эндопротездеу бөлімі меңгерушісі Манарбек Әубәкіровтің айтуынша, зейнеткер автобустан құлап, жарақат алған. Дәрігерлер бірден «жамбас сүйегінің жабық субкапиталды сынығы» деген диагноз қойыпты.

«Ауруханаға түскен кезде пациент жамбасының ісін кеткенін, қатты ауыратынын айтып, шағымданды. Сонымен қатар, қимыл-қозғалысы қиындап, жүріп-тұрудан қалған. Қабылдау бөлімінде оны кешенді тексеруден өткіздік, терапевт, травматолог, анестезиологтан құралған мультидисциплинарлық команда қарады», – деді Манарбек Әубәкіров.

Жасы 90-ды алқымдаған Вера Иннокентьевна Ким отанын бұл түрі жайлы жақсы біледі. Сондықтан ол операция жасауға бірден келісім берді. «Базардан қайтып келе жатып автобуска міндім. Түсерде аяғым тайып кетіп, жолдың жиегіндегі тасқа құладым. Сөйтсем, жамбас сүйегім сынған екен. Бірден жедел жәрдем шақыртып, олар мені 4-ауруханаға жеткізді. Дәрігерлер қарап шыққаннан

кейін ота жасау қажеттігін айтты. Балаларым да бірден келісті. Операция тез, жақсы жасалды. Содан бері, міне, бір апта өтті, қазір аяғымды басып жүремін. Қартайған шағымда осындай қуаныш сыйлаған дәрігерлерге ризамын», – деді Вера Ким.

Буын алмастыру жалпы құны 1,5 млн. теңгеден басталатын жоғары технологиялық операциялар қатарына жатады. Ота зейнеткерге МӘМС пакеті шеңберінде тегін жасалды. Эндопротездеу кейінгі жылдары көп жасалып жүрген манипуляциялардың бірі. Себебі, ол буыны ауыратын сырқаттың ауруын жеңілдетіп, емін-еркін жүріп-тұруына мүмкіндік береді.

Медициналық сақтандыру қоры Алматы қалалық филиалының директоры Тілеухан Әбілдаевтың айтуынша, сақтандырылған тұрғындар жоғары технологиялардың көмегімен жасалатын қызметтерді, КТ, МРТ сынды консультативтік-диагностикалық қызмет түрлерін, реабилитациялық көмекті тұрақты түрде пайдаланып келеді.

«МӘМС пакетінің ауқымы кең. Сақтандырылған азаматтар көпшіліктің қалтасы көтере бермейтін осындай ота түрлерін жасату қажет болған жағдайда медициналық қызметті көп шығындалмай, кедергісіз пайдалана алады. Сондықтан барша азаматтарды сақтандыру жүйесіне қатысуға шақырамын», – деді филиал директоры.



«ҚАЗАҚСТАНДА ӘРКІМ МАҢЫЗДЫ!»



ҰПАЙ ТҮГЕНДЕЛЕТІН ТАРИХИ СӘТ

Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Конференция барысында, дайындық кезеңінде қала 48 нұсқаушы және 618 тіркеу учаскелеріне бөлінгені айтылды. Оның ішінде инструкторлық сайттардың саны Алатау ауданында – 6, Алмалыда – 6, Әуезов ауданында – 8, Бостандық ауданында – 10, Жетісу ауданында – 4, Медеу ауданында – 6, Наурызбай ауданында – 3, Түркісібте – 5. Ал тіркеу аймақтарының саны Алатау ауданында – 69, Алмалы – 89, Әуезов – 98, Бостандық – 128, Жетісу – 49, Медеу – 80, Наурызбай ауданы бойынша – 43, Түркісіб ауданында – 62. Онлайн-санақтан өте алмаған, интервьюерлердің келгенін қаламайтын тұрғындардың әрбір ауданда орналасқан тіркеу аймақтары арқылы санақтан өтуге мүмкіндігі бар.

Стратегиялық жоспарлау және реформалар бюросының басшысы Нұрболат Серғалиұлының айтуынша, санақ жүргізу барысында біраз қиындықтар туындайтын көрінеді. Жалпы аралау арқылы санақ жүргізетін интервьюерлерге есік ашпайтын тұрғындардың да бар екенін айтады:

– Біз санақ жүргізу барысында халықтың қауіпсіздігіне толық жауап береміз. Біріншіден, алынған ақпарат құпия түрде сақталады, екіншіден, үй-үйді аралайтын интервьюерлер туралы толық ақпараттар www.sanaq.gov.kz сайтында берілген. Яғни алаяқтарға ұрынып қалмаудың шаралары қарастырылған. Санақ жүргізетін интервьюерлерді арнайы шарф пен сөмкесінен тануға болады. Қазір онлайн-санақтың аяқталуына 3 күн уақыт қалды. Осы уақыт аралығында онлайн-санақтан өткендер саны 7174 904 адамды, жалпы халықтың 37,7%-ын құрайды. Ал жалпы аралау арқылы жүргізілетін санақ айдың аяғына дейін жалғасады. Санақтың бұл түрі бойынша 2 млн.-нан аса адам тіркеуден өтті. Егер, тұрғындардың онлайн-санақтан өтуге мүмкіндігі болмай, интервьюерлермен сұхбаттасуға мүмкіндігі болмаса, өзіне жақын жердегі тіркеу орталықтарына барып санақтан өтуге болады. Тіркеу орталықтары сауда үйлеріне де орналастырылды, – дейді Н.Серғалиұлы.

Бүгінде Алматы қаласы тұрғындарының 28,2%-ы санақтан өткен. Оның ішінде, Алатау ауданы бойынша – 87048 адам, Алатау ауданында – 64472, Әуезов ауданында – 119926, Бостандық ауданында – 72990, Жетісу ауданында – 49540, Медеу ауданында – 53894, Наурызбай ауданында – 60730, Түркісіб ауданында – 57918 адам онлайн-санақтан өткен.

Соңы. Басы 1-бетте.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

Жиында стратегиялық жоспарлау және реформалар бюросының басшысы санақтағы сауалдарға қатысты туындап жатқан келеңсіздікке жауап берді. Айтуынша, халық санағын жүргізудің мақсаты халық санының қанша екенін білу емес, халықтың тұрмысын, қандай жағдайда өмір сүріп жатқанын анықтау екен:

– Биылғы санаққа 2009 жылы өткізілген санақтағы сұрақтар кірістірілген. Кейбір сұрақтар аясын кеңейттік, кейбір сұрақтарды алып тастап, жаңа сұрақтар енгіздік. Санақтағы сұрақтардың барлығы халықтың тұрмыстық жағдайын анықтауға бағытталған. Мысалы, «пандемия уақытында кірісіңіз азайды ма?» деген сынды сұрақтар қойылды. Кімнің жалдамалы пәтерде, кімнің өз үйінде тұрып жатқанын анықтауымыз керек. Бұл халық санын білу ғана емес. Мысалы, халық арасында мүгедек адамдардан бөлек, көзі дұрыс көрмейтін, баспалдақтан көтерілгенде еңгітетін адамдар болуы мүмкін. Ол да жартылай мүгедектікке жатады десек те болады. Біз соларды анықтап, шара қолдануымыз керек. Осы жағын дұрыс түсінгендеріңіз дұрыс. Сондай-ақ, санақтағы сұрақтар санының көптігіне сын айтып жатыр. Негізі, халықаралық тәжірибе бойынша сұрақтар саны көп емес. Мысалы, бізде бір адам шамамен 51 сұраққа жауап береді. Себебі, әркімге әртүрлі сұрақтар түседі. Шетелдіктерге қойылатын 11 сұрақ Қазақстан азаматтарына қойылмайды. Мекенжайға байланысты сұрақ отбасыдағы бір ғана адамға

жолданады. Мысалы, Польшада халық санағында – 88, Болгарияда – 102 сұрақ қойылады. Сондықтан біздегі сұрақтар қисынсыз қойылып жатқан жоқ деп ойлаймын. Жалпы, халық санағы ең маңызды статистикалық зерттеу болып табылады. Бұл уақыт – ұпай теңестіретін уақыт, – дейді бюро басшысы.

Жиынға арнайы шақырылған халықаралық сарапшы, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Мемлекетаралық статистикалық комитетінің төрағасы Владимир Леонидович Соколин Алматы қаласын 3 күн аралап, халық санағының жоғары деңгейде өткізіліп жатқанын айтты:

– Халық санағын жүргізу өте жоғары жауапкершілікті талап етеді. Қазіргі таңда АҚШ, Қытай, Үндістан сында үлкен мемлекеттерде халық санағы өткізіліп кетті. Ал ТМД елдерінде пандемиялық жағдайларға байланысты өткізу кестесіне өзгертулер енгізілді. Қазақстан ТМД елдері бойынша халық санағын алғаш рет бастады. 15 қазан күні Ресейде басталады. Ендігі жылы Қырғызстанда санақ өтеді деп жоспарлануда. Жалпы, Алматыда 3 күн болып, көшелерді аралап шыққан болатынымын. Дүкендерден, ғимараттар қабырғаларынан халық санағы туралы ақпараттардың жеткілікті деңгейде ілінгенін көрдім. Яғни қала тұрғындары толық дерлік халық санағы бойынша хабардар етілді деп ойлаймын, – дейді халықаралық сарапшы.



Жалпыға ортақ іс

Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Қала тұрғындары жануарлар құқығын сақтау жөніндегі қоғамдық инспектор бола алады. Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті «Жануарларға қарау саласында жалпы бақылау жүргізу, сондай-ақ азаматтарға Жануарларға қарау саласында қоғамдық инспекторлардың куәліктерін беру тәртібін бекіту туралы» бұйрықтың жобасын дайындады.

– Ерікті инспектор немесе жасақшы болатын адам меншік нысанына қарамастан, жануарларға арналған барлық жерге кіруге құқылы, – деді зоотехник Маргарита Садыкова.

– Адамдар жануарлардың азап шеккені үшін жауапты екенін қоғамдық санаға енгізетін уақыт жетті. Құжатта жануарларды қорғаушылардың құқықтары мен міндеттері көрсетілген. Қоғамдық инспектор жануарларға қарау саласындағы құқық бұзушылықты фото және бейнетүсірілім көмегімен тіркеуге және тиісті материалдарды мемлекеттік қадағалау органдарына жіберуге, әрекет жасауға құқылы. Осы саладағы заңнама талаптарының бұзылуын анықтау, жануарлар әлеміндегі адамгершілік қатынас тақырыбында халықты ағарту жұмысына шақыру, қоғамдық бақылау нәтижелері бойынша қорытынды құжат дайындау және оны мемлекеттік билік органдарына, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, өзге де органдар мен ұйымдарға қарауға жіберу құқығы беріледі. Маңызды өзгеріс – қоғамдық инспекторда фото және видео түсіру құқығы мен аудиозахба жазу құқығының болуы. Өйткені, дәл осы мүмкіндік заң бұзу фактілерін тіркеуге мүмкіндік береді және одан әрі құқықтық рәсімдер мен жазалау үшін негіз бола алады, – деді зоотехник.

Айта кетерлігі, қоғамдық инспектор болғысы келетіндердің барлығы Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің аумақтық органына өтініш бере алады.

ТӘУЕЛСІЗДІК – 30

Айым
НҮРМАН

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, «Алматы – Тәуелсіздіктің алтын бесігі» атты көрме өтті.

ҚР Суретшілер одағы Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен кескіндеме бойынша қалалық пленэр өткізген болатын. Сол іс-шарада орындалған жұмыстар аталмыш көрмеде ұсынылды. Жобаға барлығы 15 суретші қатысты. Жобаның мақсаты – қала дамуының үш кезеңін көрсету болды. Верный қаласы дамуының ерте кезеңіндегі құрылыстар,

оның ішінде ХХІ ғасырдағы ағаш ғимараттар бейнеленді. Сонымен қатар, сәулет өнерінің өзіндік стилі бар әрі қазіргі уақытта мемлекеттің қорғауына алынған кеңестік кезеңнің көптеген ғимараттары және де ХХІ ғасырдың индустриализациясын көрсететін нысандар, жаңа технологияларға негізделген Тәуелсіздік кезеңіндегі Алматының жаңа бейнесі көрініс тапты.

Суретшілерге арнайы экскурсия жүргізіліп, оның барысында қатысушылар көптеген қызықты дүниелермен танысты. Мысалы, Верный қаласының ағаш ғимарат-

тарында сейсмикалық тұрақтылық мәселесі қалай шешілген? Ол үшін үйлердің астына жер сілкінісіне төтеп берер арнайы жастығы бар жартылай жертелелер салынған екен.

Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайы ғимаратының қасбеті бірінші рет суреттелді. Шығыс айналма жолы, Нұрлы тау ғимараттары, Халық арена, жаңа заман талабына сәйкес қаламыздың дамуын білдіретін заманауи кварталдар – суретшілердің шығармаларында алғаш рет көрініс тауып отыр. Көркем шығармалардағы қала бейнесі тарихта мәңгі қалары анық.

«Алматы – Тәуелсіздіктің алтын бесігі» Қала бейнесі тарихта мәңгі қалады





МӘСЕЛЕ ШЕШІЛСЕ ДЕЙМІЗ...

Ел Президентінің азаматтардың, халықтың барлық өтініш-тілектерін жедел түрде әрі тиімді қарастыруға бағытталған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында біраз шаруаның басы қайырылғаны рас. Бірақ қала тұрғындарының талап-тілектері әлі де көп.



ALMATY_AVTOBUSTARY

Қоғамдық көлік неге лас?

Жұмыстан қайтқанда көбінесе Абай даңғылы бойынан №79 автобуска отырамын. Көз алдыма терезе жақтауындағы мына жазулар түскенде, автобустың ішіне түгел көз жүгірте бастадым. Қарасам... шынында да біз көп байқамайды екенбіз, автобустың ішкі тазалығы нашар екен. Орындықтары кірлеген, тұтқалары сынған...

Бұл бір ғана №79 автобус емес, қалада жүйткіп жүрген қоғамдық көліктердің көбінде осындай көрініс. Іші де, сырты да шаң басқан автобустар толып жүр. Қазір күн қысқарғандықтан, қараңғы тез түседі. Терезеден қарап, қай жерде келе жатқаныңды білейін десен, әйнектен ештеңе көре алмайсың. Жуылмаған соң шаң ба-

сып кеткені көрініп тұр. Кейбір автобустарда аялдамаларды да хабарламайды. Тізе берсен, қоғамдық көлікке қатысты сын көп. Ал мына жазуды қараңызшы, не деген мәдениетсіздік?! Мұны үлкен адам істемегені анық. Неде болса, жастардың ісі. Сондықтан жастарға айтарым: «Бұл сенің оқу оқып, болашағыңа бағдар жасауға жол ашатын қалаң ғой. Қоғамдық көлік – ортақ мүлік. Сондықтан оны да өз үйіндегі дүниедей күтіп ұстау қажет. Лас жерде отырғаннан тап-таза жерде жүргенің жақсы емес пе?!». Бүкіл әлем қызыға қарайтын Алматыдай алып шаһарда мынадай лас автобустардың жүргені өкінішті!

Бәкен МЕКЕБАЕВА,
Алматы қаласының тұрғыны.

ТҮРКСІБ АУДАНЫ



Қалай болса солай...

Әлеуметтік желідегі парақшамызға Алина Солтанқұлова деген оқырманымыз Түркісіб ауданына қарасты «Әлмерек» ықшамауданындағы Шортанбай жырау көшесінің бойына салынған асфальтқа назар аударуымызды сұрап, суретін салып, жазба қалдырыпты. Расында да мына жермен көлік те, адам да жүруі мүмкін емес. Атқарылған істе ешқандай нәтиже жоқ. Қалай болса солай төселген асфальт жабындысы не көшенің көркін, не жүргіншілердің көңілін қуантып тұрған жоқ. Жөнделу жұмыстарына көңілі толмаған тұрғындар жолды қайта жөнделп берулерін сұрайды.

Әлиманьң сауалына «Алматы СУ» МКК өкілі Серік Шағыров былай деп жауап беріп отыр: «Аталған мекенжай бойынша су ағыны орын алған соң мердігер компания асфальт салу жұмыстарын жүргізген. Алайда, сапасыз атқарылған жұмыс қабылданған жоқ. Енді мердігер компания аталған мекенжайдағы асфальтты қайта салады. Жөнделу жұмыстары 25 қазанға дейін жүргізіледі».

АЛМАЛЫ АУДАНЫ



Мына көлік неге тұр?

Жамбыл көшесі мен Әйтиев көшелерінің қиылысында мына «КамАЗ»-дың тұрғанына екі аптадай уақыт өтті. Иесі кім? Неге ол онсыз да тар көшені тұрақ жасап алған? Менің білуімше, мұндай ауыр жүк көліктері құрылыс жүріп жатқан аумақтан басқа жақта жөнсіз жүрмеуі тиіс.

АЛМАЛЫ АУДАНЫ

Орындықтар қайда кетті?..



Суреттерді түсірген Самат СЕРКІБАЙҰЛЫ.

Кеше Алмалы ауданына қарасты Брусиловский көшесі №249 үйде тұратын үлкен апа хабарласып, өзінің арыз-шағымын жеткізді. Оның айтуынша, аталмыш көшеге жарық жүргізіліп, балалар ойнайтын алаң жасалған екен. Бірақ сол үйдің кіреберісі алдындағы демалатын орындықтар алынып тасталған көрінеді.


«Бұрын біз тұратын бірінші кіреберіс алдында екі-үш орындық болатын. Есік алдына шығып, кішкене көрші-қолаңмен әңгімелесіп отырушы едік. Жаңбыр жауып тұрғанда қолыңда жүгің болса,



кіреберіс есігі ашылғанда сөмкемізді орындыққа қоя тұратынбыз. Қазір ол жоқ. Осы орындықтарды қайтып қойып берсе екен дейміз», – дейді атын атамауды өтінген оқырман.

Негізі, бұл үй Сәтбаев пен Брусиловский көшелерінің бұрышында, АДК сауда үйінің қарама-қарсы бетінде орналасқан. Шағымданушы апаның айтуынша, осы екі көшенің бойындағы арықтардың бәрі цементпен жабылып қалыпты. Ал оның жиегінде ағаштар бар. Оны неге жауып тастайды? Бұл дұрыс па? Қазір қаланы көгалдандыру жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр. Қала әкімі Бақытжан Сағынтаев Jasul Almaty жобасын ұсынып, 1 миллион түп ағаш отырғызу міндетін қойды. Сонда бұл тапсырма керісінше орындалып отырған жоқ па? Қай жерде арық жабық болса, оны ашу керек емес пе? Кейбір бизнесмендер өздерінің есігінің алды арыққа жақын болса, оны жауып тастап, шағын алаңқай жасап алған екен. Бұл еш ақтауға жатпайтын тым өрескел іс емес пе?

Сондықтан Брусиловский көшесі №249 үй кіреберісі алдындағы демалатын орындықтар қайта қалпына келтіріліп, бітелген арықтар ашылуы керек. Ағаштарды құратпай, сақтап қалудың барлық амалын қарастырғанымыз жөн. Бұған Алмалы ауданының әкімдігі бейжай қарамайды деген ойдамыз...



Себебі, қалаішілік жолдар ауыр салмақтағы көліктерге есептелмеген. Оның үстіне, бұл көлік жүктемесі онсыз да толастамайтын қала жолдарында бұлайша апталап тұруы қауіпті. Қоғамдық көліктер үшін де, жаяу жүргіншілер үшін де өте қолайсыз. Мына көліктердің дәл біздің үйдің жанында тұрғанына қарсымыз. Әлеуметтік желіге де осы мәселені айтып, жазба қалдырдым. Бірақ ешқандай құзырлы орын жауап бермей отыр. Халық үнін естімей жатқан мемлекеттік органдарға не деуге болады? Біз осы мәселені қолға алуларыңызды сұраймыз.

Райхан СЫЗДЫҚОВА,
қала тұрғыны.



ЭКОБАСҚОСУ

«ТАЗА ӘЛЕМ, БҰЛ – МЕНІҢ ӨЗ ӘЛЕМІМ!»

Оқушылар сарайының білім алушылары ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында өтіп жатқан көптеген іс-шараларға белсене атсалысуда.

Күні кеше олар «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» мен «Birgemiz: Taza Alem» жалпы ұлттық жобасының ұйымдастыруымен Жамбыл облысындағы Қарабұлақ тауының баурайында орналасқан «Тау қымыз» емдеу-сауықтыру орталығында республикалық экологиялық лагерь жұмысына да қатысып қайтты. Ұйымдастырушылардың экологиялық шараны тау бөктерінде өткізуде үлкен мән бар. Өйткені, қазіргі кезде көбіміз табиғат-

ғаны көрініп тұрды. Бұл, әрине, басқосудың басты мақсаты.

Тарихы терең, киелі мекен Әулиеатаға барған оқушылар осы өңірдегі ішкі туризмді дамыту барысында жүргізіліп жатқан жұмыстармен кеңінен танысты. Қазір күзгі ағаш отырғызу маусымына дәл келгендіктен жас көшеттер отырғызып, қоршаған ортамызды қоқыстардан тазарту сияқты іс-шараларға қатысты. Бұл сапардың Алматы қаласы Оқушылар сарайының «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы мүшелері мен тәлімгерлеріне де үлкен күш-қуат беріп, ерекше әсер еткені анық. Осынау басқосу аясында «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер



тың тыныштығын бұзып, оның жанын аяусыз жаралайтын болды. Ересектердің өзі «Тауға барсаң, тазарасың» деген тәмсілді ұмытып, төңіректі ластан кетуді жийлетті. Қоғамдағы осындай келесіздіктердің алдын алып, онымен күресудің ең төте жолын тандап, мұндай қадамға барудағы мақсат, ең алдымен, жас ұрпақтың экологиялық білімін тереңдетіп, олардың қоршаған ортаны зерттеуге деген қызығушылығын оятуға, таным дүниелерін кеңейтіп, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды үйрету болып отыр. Өткізіліп отырған республикалық экологиялық басқосуға қатысушылардың табиғаттың сарқылмас байлықтарын үнемді әрі орнымен пайдалануды үйренуге талпынғаны, табиғатқа ерекше қамқорлық танытуға ұмтыл-

дер ұйымы» мен «Birgemiz: Taza Alem» жалпы ұлттық жобасына қатысушылар арасында түрлі қызықты ойындар, дөңгелек үстел, театрландырылған көріністер, флешмобтар, спорттық ойындар ұйымдастырылды. Оқушылар сарайының білім алушылары аз ғана уақыт ішінде білімдерін тереңдетіп, өзара тәжірибелер алмасты. Кең байтақ еліміздің киелі жерлерін өз көздерімен көріп, көңілдеріне көп нәрсе түйіп қайтты. Республикалық лагерьге қатысушы оқушылар таза табиғат аясында демалып, жаңа достар тапты. Осындай мүмкіндік туғызған «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» мен «Birgemiz: Taza Alem» жалпыұлттық жобасының ұйымдастырушыларына айтар алғысы да шексіз.

ОЙТҮРТКІ

ТАЗАЛЫҚ БАР ЖЕРДЕ – ТӘРТІП БАР

Өткен жолы көптен көрмеген танысымды кездестіріп қалдым. Қазір өздері қаланың сыртындағы жеке-меншік үйде тұрып, көпқабатты үйдегі екі бөлмелі пәтерін жалға берген екен. Сол жалға берген үйін танымай қалғанын айтып, шағымдана бастады.

«Ұядай ғана үйімнің тоз-тозын шығарыпты. Қабырғаға жағалай суреттер салған, тұсқағаздар жыртылған, жағал-жағал саусақтың іздері, шашылған ойыншықтар. Бұл көрініске көзі әбден үйреніп қалған ғой, жап-жас келіншек қысылудың орнына «баламыз осылай ойнайды» деп қарап тұр. «Кішкентай баласы бар үйдің бәрі осы» дейді. Ол аздай, ақшаңызды төлеп отырмын деп міндетсігенін айтсаңшы», – деп күйіп-пісті. Көбіне біз «балалы үй – базар» деп кішкентай баласы бар отбасыларға кешіріммен қараймыз. Тіпті, үйдің шашылып жатқанына түсіністік танытуға тырысамыз. Ондай оқиғалардың кездесетінін заңдылық деп қабылдаймыз. Осылайша баланы тазалыққа үйретуден кеш қалып жатады екенбіз. Тазалық бар жерде тәртіп те бар. Мамандар «баланы тәртіпке, тазалыққа есі кіре бастағаннан-ақ баулу керек» дейді.

– Мәселен, балаңызға ойыншықтарын шашудың салдары қандай болатынын оның көзімен түсіндіруге тырысыңыз. «Легоның» кішкентай бөліктері жогалса, бүтін бір затты шығара алмайтынын, ермексаздың бетін ашық тастаса, оның қатып, жарамсыз болып қалатынын ескертіңіз. Әрине, 4-5 жасстан бастап балалар жағдайды бағалап, оның салдарын

түсінетін қабілетке ие екені белгілі. Демек, бала өзінің сүйікті ойыншықтары мен заттарынан айырылып қалмау үшін оларды жинап, өз орнына қоюды үйренетін болады, – дейді психолог Раушан Қосбасарова.

Шынымен, балаңызды балабақшадан не мектептен үйге алып бара жатқанда жол бойы оларға реттілік туралы айтып отырсаңыз, ол да дәріс болар еді. Мәселен, «қазір үйге барған соң киімімізді ауыстырып, орнына қоямыз, бетімізді, қолымызды жуа-мыз, тамақ ішіп, ойнаймыз, сабақ оқимыз» және т.с.с. Маманның пікірінше, балаға бұл сөздерді автоматты түрде жасайтын уақытқа дейін қайталап айтып отырсаңыз жеткілікті екен. Өзінің ұзақ жылғы тәжірибесіне сүйенген Майраш Оразқызы балабақшадағы кішкентай бүлдіршіндерге, көбіне «Онға дейін санағанда ойыншықтарды кім бірінші жинап бітеді» деген ойын ойнатып, заттарды түсіне, пішініне қарай жинау секілді тапсырмаларды бірге орындайтынын айтады. Сонымен қатар, тәртіпке байланысты бала кезіңіздегі қызық оқиғаларды айтып, сөзіңізді тыңдатып үйреткеніңіз жөн. Балаңыз уақыт өте келе, осы тәсілдерге үйреніп, «Анашым, ойыншықтарды бірге жинайықшы» деп ұсыныс айтуы әбден мүмкін. Балаңыздың ұсынысын жылы қабылдап, бірге уақыт өткізуге тырысыңыз. Сізбен бірге уақыт өткізгісі келгенін бағалап, пайдалы әрі көңілді іспен айналысуға кеңес береміз», – дейді тәжірибелі тәрбиеші. Иә, кез келген бала көргенін істейді. Балаңыз жақсы азамат болып өссін десеңіз, жақсы тәрбие берудің ең оңай әрі тиімді жолы – өзіңізді үлгілі ұстанаңыз, ең алдымен өзіңізден бастаңыз.

ЕРТЕҢ – КІТАПХАНАШЫЛАР КҮНІ



Қазіргі біздің қоғамымыз қаншалықты ақпараттық техникаға тәуелді дегенмен, кітаптың орны бір басқа. Кітапты көп оқыған адам көп біледі, бәсекеге де қабілетті болады.

Ал сол кітап атаулының бағбанындай болып, оны күтіп, баладай баптап жүретін кітапханашы мамандығының қиындығы туралы көбіміз біле бермейміз. Тіпті кітапханашы мамандығы туралы сөз болса, көз алдымызға кітап оқып отыратын жанның бейнесі келері анық. Біз үшін ең оңай көрінетін кітапханашы мамандығының да қиыншылығы жетіп-артылады. Қаламыздағы Орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты №4 кітапхана меңгерушісі, ҚР мәдениет қайраткері Сағынкүл Иманбаева, міне, осы саланың нағыз тарланы.

КІТАП – ЕҢ САБЫРЛЫ ҰСТАЗ

Кітапты көп оқыған адамның табиғаты таза, өзі арманшыл келеді емес пе? Кітаптың құдіретті де сонда. Сол арман Сағынкүлді алға жетелеп, жастық шағының куәсі болған Алматыға әкеледі. 1989 жылы Алматы қаласындағы Орталықтандырылған Кітапханалар жүйесінің №36 Жастар кітапханасының абонемент бөліміне кітапханашы болып орналасады. Уақыт өте келе кәсіби біліктілігі жоғары бағаланып, №4 кітапхананың меңгеруші лауазымына тағайындалады. Жұмысы жанданған кітапхана қаламыздағы жастарға ақпараттық білім, ұлттық рухани тәрбие беретін ірі мәдениет ошағына айналды. Бүгінде қала өмірінде өтіп жатқан түрлі байқауларда алдына жан салмай, жүлдегер атанып келе жатқан ең үздік кітапханалардың бірі. Мұның барлығы тынымсыз еңбек пен төккен тердің нәтижесі екені сөзсіз. Бұған қоса, Сағынкүл Кәденқызы – қаламызда ұйымдастырылатын мәдени және саяси-қоғамдық шаралардың ұйытқысы. Алматы қаласы Мәдениет басқармасы ұйымдастыратын Тәуелсіздік күні, Наурыз мейрамы, Ұлы Жеңіс күніне арналған мерекелер, «Жас түлек» сияқты мәдени шаралар өтсе, оның бел ортасында Сағынкүл жүреді. Ілгеріде Алматы қаласының Стамбул, Шанхай, Мәскеу, Санкт-Петербург, Үрімшіде өткен Мәдени күндерінің ұйымдастырушылық жұмыстарына да белсене қатысты.

– Мен әрдайым ұлттық мәдениетіміздің өркендеуіне үлес қосып, әрі осы жолдағы еңбегіммен мақтанамын. Бүгінде сүйікті қызметім, ұйымшыл ұжым және өнегелі отбасым бар. Мен үшін қасиетті үй – кітапхана! Менің өмірлік ұстанымым – кітапханашы деген мәртебелі атқа әрқашанда лайықты болу, әрбір істі үлкен жауапкершілікпен адал атқару, үнемі шығармашылық ізденісте болу, – дейді Сағынкүл Кәденқызы.

КӨРМЕ



«МЕЙІРІМ ПАЛИТРАСЫ»

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында Алматыдағы «Жасампаз» галереясында белгілі қылқалам шебері Өрік Манапова мен шәкірттерінің «Мейірім палитрасы» атты шығармашылық көрмесі өтті.

Көрменің ашылу салтанатына Өнер, мәдениет және спорт институтының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Гүлжазира Ахметова, мамандандырылған «Жанұя» кешені директорының орынбасары Айнаш Советқызы, университет мұражайының меңгерушісі Еркін Қайшыбеков, Көркем білім беру кафедрасының меңгерушісі Ерлан Әсембайұлы және Дизайн кафедрасының аға оқытушысы Құралай Бекболатқызы қатысты.



Көрме қаламыздағы ата-ана қамқорлығынан тыс қалған «Жанұя» мектеп-интернатының балаларына арналды. Көрме аясында талантты балалар «Бейнелеу өнері» бойынша байқауға да қатысып, арнайы жүлделерге ие болды.

Өрік Кабенқызының осынау жылдар ішінде қол жеткізген табыстарымызды бейнелеген соңғы жылдардағы көркем туындылары көрме төрінен орын алды. Шебер ұстаздың шәкірттері де өз туындыларын көпшілік назарына ұсынды. Бояуы қанық, мазмұны анық көрмені тамашалаған көрермендер ұйымдастырушыларға өз ризашылығын білдірді.

Бетті дайындаған
Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.



БІЛІМ



Айнұр
СЕНБАЕВА

Еліміздегі білім саласындағы үлкен мәселенің бірі – жаңа мектептерге деген сұраныстың артуы. Әсіресе, Алматы секілді мегаполисте үш ауысымда оқитын білім ұялары әлі бар. 1-сыныпта «е», «ж», «к» сыныптары бар екендігі де айтылып жүр. Осы орайда, Үкімет жеке мектептердің санын көбейтуге мүдделі болып отыр. Мектептегі орын тапшылығын шешу бағытында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде кәсіпкерлермен бірлесіп, жеке мектеп салу жұмыстары жүргізілуде.

Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтың айтуынша, жеке мектептер санын көбейтудегі басты мақсат – бюджетке түсетін жүктемені төмендету, орын тапшылығын азайту, білім беру сапасын көтеру, педагог мәртебесін биіктету.

Алматы қаласы Білім басқармасының басшысы Ләззат Жылқыбаева келтірген деректерге сәйкес, шаһарда 287 жалпы білім беретін мектеп, оның ішінде 207 мемлекеттік және 80 жекеменшік білім ошақтары жұмыс істейді. 2021-2022 оқу жылында 1–11-сынып оқушыларының болжамды контингенті 300 мыңға жуық баланы құрайды. Бүгінде бірінші сыныпқа 30 мыңға жуық бала қабылданған.

2021 жылдың басынан бері Алматыда 1,7 мың орынды 30-ға жуық жекеменшік ұйымдары ашылды. Жыл соңына дейін тағы да 5 мың орынды 35 жеке балабақша ашу жоспарлануда. Мемлекеттік тапсырыс 20441 орынға 397 мектепке дейінгі ұйымға орналастырылды.

Ендігі мәселе – жекеменшік мектептердегі білім сапасы. Ата-ана қалтасынан сонша ақша төлегеннен кейін білім сапасының дұрыс болғаны жақсы-ақ. Мысалы, Алматыдағы жекеменшік мектептерде бала оқыту құны жылына 5 млн. теңгеден бастап 10 млн. теңгеге дейін жетеді. Элиталық мектептер саналатын білім ошақтарындағы білім сапасы осы бағаға қаншалықты сай келеді?

МЕКТЕПТІҢ ИМИДЖІ МАҢЫЗДЫ



Қуаныш ЕРМЕКОВА,
журналист:

Біліміне көңілім толады

Биыл 8-сыныпта оқитын қызымды жекеменшік мектепке ауыстырдым. Бір-екі айда өзі оқыған мектептен ешқандай айырмашылығы болмаса, қайта ауыстырармын деген де ой болды. Әр баланың өз ерекшелігі болады ғой. Қызым өз құрдастарымен салыстырғанда аңқаулау, аккөңіл, сенгіш. Былтыр өз сыныбында қызым сыныптастарына ілесе алмай, сабақ үлгерімі де нашарлап кеткен еді. Ал жаңа мектепке барғанымызға бір ай болғанда қызымның бойынан жақсы өзгерістер байқай бастадым. Мектептен қуанып келеді, сахналық көрініске де қатысып үлгерді. Бұрын жекеменшік мектептердегі білім сапасы қалай болар екен деген күмәнім бар еді. Қазір бұл күмәнім сейілді. Қызымның сабаққа ынтасы артқанын көріп, оқудың екінші айын қуана-қуана төледім.

Құралай ӘБДІРАХЫМҚЫЗЫ,
ата-ана:

Өмірім жеңілдеді

Былтырдан бері балаларымды жекеменшік мектепке бергелі өмірім жеңілдеді. Қарындары тоқ, сабақтары оқулы, үйірмеге де ешқайда тасудың қажеті жоқ, бәрі мектептің ішінде. Бұрынғыдай ештеңеге үлгермей, ашуланып жүрмейтін болдық. Ұлым мен қызым да «сабақ оқыған оңай екен ғой» деп мәз болып жүр. Сыныптарында 14 оқушыға 2 мұ-

ғалімнен қарайды. Ешбір оқушы назардан тыс қалмайды. Бұрын «жекеменшік мектептің құны жоғары оқу орнымен бірдей ғой, айырмашылығы не» деуші едім. Сөйтсем, айырмашылық көп екен. Тегін мектепке оқытқанда да үйірмеге, тамағына, жолына біраз ақша жұмсаймыз. Жекеменшік мектеп қымбат болғанымен, балаға да, ата-анаға да пайдасы көп.

Мереке ЖҰМАТАЕВА,
қаржыгер:

Бәсекелестік бар жерде білімнің сапасы да жоғары

Қазіргі таңда «баланың санасы, ынтасы болса, қандай мектепте оқыса да бір жерді тесіп шығады» деген көзқарас ескірді. Өйткені, бүгінде ата-аналар қолдан келгенше балаларын жақсы мектептерде оқытқысы келеді. Бұрынырақта ата-ана өзіне ыңғайлы болу үшін баланы үйдің маңындағы мектепке беруге тырысатын. Ал қазіргі кезде ата-аналар баласына білім ошағын таңдағанда мектептің имиджіне, беделі мен бағасына, сабақ кестесіне қарай таңдайды. Баланы қандай да бір мектепке берер кезде сол мектепте бала оқытып көрген ата-аналардың пікірін сұрастырып, әлеуметтік желіде жазылған пікірлерге де құлақ асу керек деп ойлаймын. Жекеменшік мектептер көбейген сайын бәсекелестік те жоғары болады. Ал бәсекелестік бар жерде білімнің сапасы да жоғары болмақ.

ТҮЙІН: Әрине, ақылы мектепте бала оқытуға кез келген отбасының шамасы келе бермейді. Дегенмен, кейінгі жылдары ата-аналардың балаларын элиталық, жекеменшік мектептерде оқытуға деген құлшынысы едәуір артқаны әлеуметтік хал-ахуалдың әжептәуір түзеліп келе жатқанын білдірсе керек. Оның үстіне, көп ата-ана қар-

жыдан қысылса да, өз баласын дәулетті отбасынан шыққан балалардың қатарынан қалдырғысы келмейді. Психолог мамандар 10 жыл элиталық мектепте оқыған балалардың қоғамға деген қарым-қатынасы да жоғары деңгейде қалыптасатынын айтады. Расында, баланың өскен ортасы да болашақ өміріне әсер ететіні сөзсіз.

САУАЛНАМА



Бай-қайсыз ба, қазір баланың киімі өте қымбат. Мәселен, 7-8 жастағы балақайдың кіп-кішкентай аяқкиімінің өзі ересек адам киетін аяқкиімнің бағасымен бірдей. Әрине, қымбат екен деп, баланыңды жалаңаш қоймайсыз ешқашан. Осы орайда баласын кім, қалай, қайдан киіндіреді екен, соны сұрап көрейік.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Сәуле ТӨЛЕНДІ,
жеке кәсіпкер:

Шынымды айтсам, бала күнімде жақсы киінетін қыздарға қатты қызығып өстім. Өзім көпбалалы үйден шыққанмын. Киім тұрмақ, тамақты тойып ішпейтін кезіміз болатын. Марқұм әкем совхоздың тракторын айдап жүріп-ақ бізді оқытты. Бар күшті білімімізге салды әке-шешеміз. Әрине, одан жаман болғанымыз жоқ. Қазір өз қолымыз өз аузымызға жетті дегендей. Жалғыз қызымды бетінен қаққан емеспін, не киімін дейді, бәрін әперемін. Сол үшін де өмір сүреміз ғой бәріміз. Қатарынан қалмай, тіпті асып киініп жүргенінің өзін мақтаныш көретінімді еш жасырмаймын. 15-тегі қызымды Алматыдағы ең таңдаулы деген бутиктерден киіндіремін. Бәлкім, бала күнімдегі өзім жете алмаған армандарымның орнын толтырғым келетін әрекетім шығар бұл.

Жансая ЕСКЕРМЕСОВА,
ұстаз:

Үш балам бар, үшеуі де мектеп жасында. Оларды қымбат киіндіруге материалдық жағдайымыз жетеді, бірақ олай етпейміз. Себебі, бала тез өседі. Сонша қымбатқа алған киімдерің келесі жылы сыймай қалады. Әрі бүгінгі бала қызық қой, бірінікін бірі кигісі келмейді. «Бұл киімді былтыр оның сыныптастары көрген, енді менің киіп жүргенім ұят емес пе?» деп шығады. Сосын арзандауын аламын. Бір мезгіл киіп шығады, есесіне келесі мезгілге мүлдем жаңасын іліп шығады үстіне. Менің балаларым аяқкиімге жебір, тез тоздырады. Сондықтан қымбатын алсаң, ішін ашиды-ақ. Қазір киімнің түр-түрі бар, арзанын да талғаммен, үстіне жарастырып киюге болады деп ойлаймын. Айтпақшы, биыл мектепке еркін форма киюге рұқсат етілгені, әсіресе, жасөспірім қыздар жағы кеудесіне неше түрлі қымбат ақ кофталар, юбка орнына түрлі сәндегі шалбарлар киіп келетін болған. Қарапайым отбасынан шыққан өрендердің сол балаларға сырттан қызыға қарап тұрғандарын байқасам, кәдімгідей аяп кетемін. Сондықтан сыныпта сөз реті келіп қалғанда «біздің қазіргі басты мақсатымыз – білім алу, бір-бірімізді құрметтей білу, ешкімді бөліп-жармау, мейірбан болу» деген сынды сөздерді жиі қайталап отырамын.



Жаркынай
АСЛАНБЕКҚЫЗЫ,
көпбалалы ана:

– Рас, балалардың киімі удай қазіргі таңда. Дегенмен, қымбатырақ алуға тырысамын. Себебі, арзанқол киімдердің баланы жұта-

тып көрсететіні анық. Сондықтан жақсы киімдерден ақша аямаймыз. 5 балам бар, 2 қыз, 3 ұл. Қымбаттау киімдер киіс беретіндіктен, ертеңгі күні бірінікін бірі киіс беретініне сеніп, солай қымбат аламын. Көбіне барахолкадан сатып аламыз.

Айна ЕСТАЙ,
зейнеткер-ана:

– Иә, рас, қазір баланың киімі өте қымбат. Қайбір күні қырқынан енді шыққан немереме келінім 9 мың теңгеге аяқкиім алып келіпті. Өлгінің түріне қарап күлейін, «ойпырмай, әлі аяғын баспаған, жүрмейтін баланың аяқкиімінің бағасы да осынша болады екен-ау» деп. Кисін, киіс берсін, балаларымның жағдайы жетеді ғана. Өзіміз кезінде жақсы киіндіре алмадық, шыны керек. 8 баланы жеткіздік, бірақ адам қатарына қостық, барлық жақсы қасиеттерді сіңіріп өсірдік деп ойлаймын.

Өлгі киноның есіме түсіп отырғаны. Ресейдің белгілі актрисасы Наталья Гундарева ойнайтын

«Однажды двадцать лет спустя» деген фильм бар ғой. Сонда басты кейіпкер, көпбалалы ана кішкентай екі қызын жанажылдық шырша-ертеңгілігіне қатыса алмай қалатын болды-ау деп қатты мұңайып, балаларының тамағын беріп, ұйықтатып болған соң, түн жарымында тігін машинасына отыра қалып, өзінің ең қимас жалғыз көйлегін киып, кесіп, пішіп, қуыршақтай қыздарына әп-әдемі көйлек тігіп беретін кадр бар емес пе. Ал ертеңіне балаларының қуанғанын көрсеніз! Міне, қазіргі қазақ аналары да дәл солай, бұралаң жолы, бұлтарысы көп осынау өмірде мойымай, бала үшін жанын жалдап, тіршілік кешіп жатыр деп ойлаймын.

Алмас НҰРМАН,
таксист:

– Осы жаман «шохамен» отбасымды асырап жүрмін. Өте балажанмын. Сұрағандарының бәрін әперемін. Керектерін қағазға тізімдеп жазып алады да, келіншегім екеуін ертіп базарға шығады. Пәтерде тұрамыз. Бірақ «ешқашан жоқ деп айтпа» деймін әйеліме. Құдай береді деймін.

Бір күні кешке жұмыстан келсем, үлкенімнің бәтеңкесінің ұлта-

ны түсіп қалыпты, «сабақтан шыққан соң футбол ойнағанбыз» дейді. Қазіргі қытайдың киімінде қандай сапа болсын, ұрыспадым. Бірақ түнімен уайымдап шықтым. Жер болса батпақ, жаздық кроссовкиден табанынан сыз өтеді-ау деп. Ертеңіне сағат 5-тегі тасқараңғыда көшеге шығып кетіп, «таксовать» етіп келдім. Дерезу базардың ашылғанын күтіп, ұлымды ертіп барып етік алып, түсте сабаққа жібердік. Өмірдің мәні – бала.



КАРИЯЛАРЫМЫЗ – ҚАЗЫНАМЫЗ!

ӘДЕМІ ҚАРТАЮ ДА – ӨНЕР



Рая
ЕСКЕНДІР

«Даламның ісі бүрқырап, қарттарым, аман сау жүрші» деген сияқты, ақын өлеңіне арқау болған қазыналы қарттарымыздың бірі – Көпбосын Панзабекұлының есімі қала тұрғындарына кеңінен танымал. Алматыдағы ардақты, сөзі салмақты ақсақалдардың бірі. Былайша айтқанда, аузы дуалы, сөзі уәлі қариялардың қатарынан. Адам тағдыры сынға түскен кезде талай тағдырға арашашы болып, төбеде отырмай, төрелік айтқан кезі көп болды. Содан да болар, осынау абыздыққа жеткен ақсақалға деген жұрттың ықыласы ерекше.



Жауапты қызметтер атқарып, талай жылын артқа тастаған Көпбосын Панзабекұлы зейнетке шыққан соң да, аттан түстім екен деп, қарап қалмады. Қаламыздағы мектепке дейінгі мекемелерден бастап, мектеп, колледж, жоғары оқу орындары дейсіз бе, сол мекемелердің бәріне бас сұғып, тәлімді кездесулер өткізеді. Өзінің өмір жолындағы көргені мен түйгенін жастарға үлгі етіп, ой-толғамын ортаға салды. Ақыл айтып емес, ақырын айтып, сөзімен уатты. Тумысынан жат қылыққа, қулық-сұмдыққа жаны қас қария жастарды да жақсылыққа, ақ жолмен жүруге үндеді. Қала іргесіндегі шипажайларға барып, демалушыларға жыр кештерін өткізді. Осындай игілікті істерге ақы сұрамай, тікелей өзі ұйымдастыратынын да айта кеткен жөн.

КАРИЯСЫ БАР ЕЛ – ҚАЗЫНАСЫ БАР ЕЛ

Сексеннің сегірінен асып, тоқсанға жақындап қалған қазыналы қария осынау өмір жолында комсомол, партия, кеңес органдарында табысты еңбек етті. Өмірінің әр жылында «Русский язык в казахский школе», «Білім – Образование», «Кәсіпқой Қазақстан – Профессional Казахстан», «Жас Түркістан» журналдарына басшылық етті. Өзі ақын, әрі аудармашы Көпбосын Панзабекұлы орыс тілінен аударылған шығыстың шайырлары Рудаки, Фирдоуси, Низами, грузин классигі Шота Руставели, авар ақыны Расул Гамзатов, орыс ақындары А.Пушкин, К.Симонов, М.Танк, С.Васильевтерді қазақша сөйлете, орыс тіліндегі оқулықтар мен оқу құралдарын қазақ тіліне аударды.

АҚСАҚАЛДЫҚ – АБЗАЛ ДА АБЫРОЙЛЫ ҚАСИЕТ

Ұзақ жылдардағы еңбегі үкімет тарапынан жоғары марапаттармен бағаланды. ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері атанды. Әр жылдары алған Алғыс хаттары мен Мақтау қағаздары, мерейтойлық медальдары өз алдына бір төбе. «Атамыздың алған марапаттары» деп, немере-шөберелері таласа тамашалап жатқанда, Көпбосын ақсақал осынау жылдардың текке кетпегеніне іштей қуанып, марқайып отырады.

РУХАНИЯТ

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» атты тарихи-танымдық еңбектерінде, «Мәдени мұра» және басқа да жалпыұлттық бағдарламаларда алға қойылған міндеттер ұлт мәртебесін көтере түскені анық. Бұл халықтық бағдарламалар іскер азаматтар тарапынан қолдау тауып, игілікті істерге демеушілер қатарының көбейгенінің куәсіміз. Осындай бірегей азаматтардың арқасында соңғы бір-екі жылда ғана ондаған әдеби-көркем және ғылыми-танымдық әдебиеттер кітапқұмар қауымның көзайымына айналды. Солардың бірі – менің кейіпкерім, жалпы тиражы 77 миллионға жуық 1114 кітаптың баспадан шығуына демеушілік жасаған меценат, ұлт руханиятының жанашыры Ғани Смаханұлы.

«АДАМ ӨМІРГЕ БАҚЫТТЫ БОЛУ ҮШІН КЕЛЕДІ»

Ғанидың «Фибрат» кітапханасына үңілгенде

Бақыттың бір кілті – білім мен еңбекте

Отбасындағы үлгі-өнегенің арқасында Ғани өмір сүру өнерін ертерек түйсінді. Ұстаз ата-анасы үйдегі жеті перзенті өз алдына Шәуілдірдегі М. Әуезов атындағы орта мектеп оқушыларының тәлім-тәрбиесіне де сергек. Осы терең тағылымның бір тармағы – ауылдастармен, жалпы замандаспен сыйластық екен. Сабаққа үздік Ғаниды толғандырған өмір сүру өнерінің өзегі де айналасындағы адамдарға деген құрмет пен өзара сыйластық еді. Мектеп қабырғасында-ақ қисық мінезге қырсық жауап бермей, сабыр мен төзімді серік етті.

Ол осылайша оң мен терісті таразыға тарта білетін байсалды мінез тапты. Соған қарап Ғаниды құрбы-құрдастары момын деп те айта алмаса керек. Сыныптастыры сескенетін кейбір тентектер оның турашыл мінезінен ығатын. Оның үстіне қиналған сауалдары бойынша қолғабыс жасауға даяр тұратын «пысыққа» бата алмай, іштен тынатындары тағы бар. Пысық... сыртынан кейбір құрдастарының өзін осылай атайтынына ренжіген де емес. Оқығаны мен тоқығанын өзгеге түсіндірудің өз білімін нықтай түсуге пайдалы екенін білгелі қашан.

Құрдастарынан рахмет естіген сайын, оның оқу-білімге деген құштарлығы артып, ақыл-ойы шындала берді. Бірақ қазір ойлап қараса, өз басына өмірінің жасөспірім мәресінен Түркістандағы Қожа-Ахмет Яссауи кесенесіне барған күні асқандай көрінеді. Кітаптан оқыған тарихқа көз алдында жан біткендей әсерге бөленгені де күні-бүгінге дейін есінде. Киелі орынға арнайы ертіп әкелген әкесі Смахан мұғалімнің әрбір сөзі жадында қаттала берген. Қазақтың ұлық перзенттерінің рухы тұнған кесенедегі әрбір жәдігерде терең сыр барын зердесіне тоқыды.

Сол уақыт басқа емес, тап осы киелі Түркістан топырағында дүниеге келгеніне Ғанидың жүрегі толқып, мақтаныш сезіміне бөленді. Енді жазғы демалыста көрген-білгендерін жазатын дәстүрлі шығармасын әдеттегідей «анда бардым, мынаны көрдім» деп тізбелемеген. Бұл жолы ол қасиетті Түркістанның киелі орындары мен текті тұлғалары туралы толғана қалам тартты. Шәкірт бала «Адам өмірге бақытты болу үшін келеді», – дейді Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз. Адамгершілік қағидаты осындай-ақ болар! Халықтың ел билеген ұлдары үшін айтылған өсиет сияқты. Меніңше, бақыттың бір кілті – білім мен еңбекте деп білемін...», – деп тебіренеді.

Ұстаздары мақтаған «Мен қасиетті Түркістанның тұлғемін» шығармасын анасы Жұмағыз көпке дейін келген қонақтарына көрсетіп, мәз болар еді. Әсіресе, ұлының «барша қазақтың баласы Отырарды бір көрсе...» деген тілегінде терең мән барын сүйсіне әңгімелейді. Ал шын-

дығында, ұлы даланың киелі жерлер мен орындарға бай екенін Ғани, әрине, кейінірек біледі. Ғажап!.. Батыста Бекет-ата ескерткіші ел-жұртты қасиетімен баурайды. Шығыста ұлы Абай поэзиясы, мәдени астанамыз – Алматыда Жамбылдың жыры елдің көзін ғана емес, көкірегін ашатын асыл қазына екеніне ол ерте бастан ден қойды.

Ғани мектеп бітірісімен мәдениет пен өнер мәуелеген Алматыға асықты. Қазақтың тұңғыш ғалым-профессоры Санжар Асфендияров атындағы медицина институтын бітіріп, дәрігер-терапевт атанды. Еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылған «Болашақ» бағдарламасы бойынша Анкара қаласындағы Хожатепа университетін тәмамдап, біліктілік пен азаматтық ұстанымын айқындай түсті.



Ұлт руханиятын ұлықтаған

Бауырлас Түркиядан Алматыға оралып, қазақтың Санжар Асфендияровтай қайраткерінің есімін еншілеген жоғары оқу орнында еңбекке араласқанда, өзінің бала кездегі арманына біртабан болса да жақындай түскен. Қадым замандардан-ақ әлем зиялысын өзіне шақырған әйгілі Отырар кітапханасын табу арманының кілтін де осы Алматы, ғылым мен әдебиеттің ордасы ұстатқандай болды. Кәсіпкерлікке қол артып, талантты қаламгерлердің еңбектерін шығаруға қолғабыс жасауды қолға алды. Ғани осылайша өзінің Отырар кітапханасының іргетасын қалауға білек сыбана кіріскен.

Талапкер жасты, әсіресе, ұлы даланың ұлы перзенттерінің бай мұрасы өзіне баурап, қазақтың біртуар перзенттеріне қатысты кітаптарды оқырман қолына тигізуге асықты. Хакім Абайдың ақын ұлдары Ақылбай, Мағауия мен Тұрағұлдың және немересі Әубәкір Ақылбайұлының дарынды шығармаларына тәнті болды. Ұлы ақынның ұрпақтары туралы жазылған

еңбектердің арасында ғұлама Мұхтар Әуезов пен көрнекті ғалым Қайым Мұхамедханұлының зерттеулері қызықтыра берген. «Абайдың ақын ұлдары» туралы кітап дайындап жатыр деп естіген соң, оның авторы Болат Жүнісбековке хабарласып, қолжазбаны оқып, оған демеушілік көрсеткісі келетінін білдірген. Қаламгердің даусынан күмән аралас қуанышты аңғару қиын емес еді.

– Кез келген автордың өз еңбегін аяқтаған соң, енді оны қалай бастырсам деп қиналатыны белгілі, – деп еске алады жазушы Болат Жүнісбеков. – Себебі, жазылып біткен жұмыс – жартылай қуаныш, қолжазба ғана. «Абайдың ақын ұлдарын» оқырман қолына қалай тигіземін деген сауал бүйіріме батып жүрген. Міне, осындай екіұдай тұста меценат Ғани Смаханұлының ұсынысына алғашқыда онша сеніңкіремей, қолжазбаны беруге асыға қоймадым. Шындығында, осы бір жүзі ашық, айтқан сөзінде алаңы жоқ жаңа танысымның руханият саласына қолдау көрсетіп келе жатқан азамат екенін, әрине, кейін естіп білдім.

Ғанидың отандық ғалымдар мен қаламгерлердің қолжазбаларын үстелдің тартпасында қалдырмай, оқырманға жеткізуде өзіндік бір заңдылық бар екен. Қазақтың біртуар тұлғаларының асыл мұрасына қатысты шаруаны перзенттік парыздай қабылдап, оларды кітап етіп ұрпаққа ұсыну оның өмірлік берік ұстанымына айналғалы қашан. Төл тарихымызда Атымтай жомарттар аз болмаған ғой. Олай болса, жүздеген автордың кітаптарын шығаруға көмек жасап келе жатқан Ғаниды сол бір ұлт руханиятын ұлықтаған қайраткерлердің ізбасары, дүлдүл мәдениетіміз бен өнеріміздің бағбаны деген лайық.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларын, құжаттар мен фотосуреттері топтастырылған жинақтың жарық көруі де Ғанидың көмегінің арқасында мүмкін болды. Бұған қоса, есімі мұз айдынымен танымал Медеу Пұсырманұлы мен оның ұлы Жайшыбектің Алматы облысының Іле ауданындағы қабірлерінің басына арада жүз жыл өткен соң орнатылған құлпытастар, аса көрнекті мемлекет пен қоғам қайраткері Нұрғас Оңдасынов пен «қазақ мұнайының атасы» Сәфи Өтебаевтың қоладан құйылған мүсіндері де елжанды азаматтың еңбегінің жарқын айғақтары.

Сол сияқты, Ұлттық Ғылым академиясының академиктері Әбдуәлі Баешевтің атақты ғалым Евней Букетов туралы «Елу жыл ғылым мен білім жолында» және халқымыздың тұңғыш антрополог-ғалымы Оразак Смағұловтың «Қазақтың айбарлы диссиденті» (Махмет Құлмағамбетовтің өмір жолы) атты кітаптары да

Ғанидың өмірден түйген «Фибрат» кітапханасының қорына қосылған құнды дүниелер. Бұған қоса, ақын-жырау Сардарбек Қожағұловтың «Райымбек» дастаны, Нәзір Төреқұловтың бірнеше жыл басада жатып қалған зерттеу еңбегі («Нәзір әлемі – мир Назира», дайындаған С.Сахабат), Хазіретәлі Тұрсуның «Түркістанның текті тұлғалары» кітабы, Бейсенбай Сүлейменовтің «Сырлы әлем» тандамалы жинағы мен балаларға арналған шығармалары да Ғани кітапханасын байыта түскен еңбектер.

Сондықтан талай ғалым мен қаламгердің жанарын талдырған шығармаларының баспадан жарық көруінің шығынын толықтай өзінің мойнына алып, әдебиет пен ғылымға жанашырлық көрсетіп келе жатқан Ғани Смаханұлына қаламгер қауымның айтар алғысы да көп. Ал оның өзі «Отырар» кітапханасын іздеген арманына жетуің тура жолын тапқанына сенімді. Демек, «Фибрат» кітапханасы барда әлі де талай ғалым мен ақын-жазушының кітаптары өз оқырманымен жүздесетіні кәміл.

Алмас БАҚАНАСҰЛЫ.

МЕРЕЙТОЙ ҚАРСАҢЫНДА

Ұлт ұстазының үйі қала меншігіне өтті

Әсел
ДАҒЖАН

Аханның – Ахмет Байтұрсыновтың музей-үйі туралы «Almaty aqshamy» газетінде талай рет мәселе көтеріліп, жазылған болатын. Міне, зиялы қауымның ізгі тілегі ескеріліп, қуанышты хабар алдық. Мегаполис басшысы Бақытжан Сағынтаев көрнекті ағартушының тарихи-мәдени мұрасын сақтау мақсатында тиісті шешім қабылдады.

XX ғасырдың басында салынған мұражай ғимараты республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген. Ғимараттың жалпы ауданы – 160 шаршы метр. Мұражай 1993 жылы құрылғанымен, 1998 жылы ресми түрде ашылды. Онда ұлт ұстазының өмірі мен шығармашылығы туралы 500-ге жуық құнды материалдар сақталған.

Қала меншігіне өткен музей-үйдің ғимаратына алдағы уақытта күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жан-жағы безендіріліп, абаттандырылады. Әрі болашақта бұл жер үлкен ғылыми-мәдени орталыққа айналдырылмақшы.

(Соңы. Басы 1-бетте).



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТ,

Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы:

– Бүгін қазақ елі, Алаштың тарихында айтулы күн болды. Ұлтымыздың ұстазы, рухани көсеміміз Ахмет Байтұрсыновтың Алматыдағы музей-үйін мемлекет қарауына алуға байланысты қаулыға қол қойылды. Келешекте бұл музейдің әлемнің ең озық музейлерінің қатарына қосылу жайын сөз еттік. «Өлі разы болмай, тірі байымайды» дейді. Келесі жылы ұлт ұстазының туғанына 150 жыл толады. Бұл мерейтой әлемдік ЮНЕСКО деңгейінде, ТҮРКСОЙ деңгейінде аталып өтілуі тиіс шара. Қазір мемлекеттік комиссия құрылып, жұмыс істеуде. Бұл мұражайда өз жанкештілігімен жұмыс істеп жүрген 2-3-ақ адам бар. Енді бұл музей ахметтанушылар мен музейтанушылар жұмыс істейтін ғылыми-мәдени орталыққа айналады деп сенеміз.

Кенжехан МАТЫЖАНОВ,

М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры:

– Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында Алаш рухының тағы бір биікке көтерілген күні болды деп айтуға болады. Өйткені, А.Байтұрсыновтың музей-үйі осы Алматы қаласындағы алаш рухын бейнелеп тұрған үлкен орталық болатын. Бұдан басқа алаш қайраткерлерінен қалған ескерткіш өте аз. Жиырма жылдан астам уақытта мұражай жұмыс істеп тұрғанымен, ол жекеменшікте болды. Сондықтан рухани орта бұл музейдің қа-

ланың меншігіне, мемлекеттің қамқорлығына алуын көптен бері талап етіп келген болатын. Бұл мемлекеттің Алаш рухына көзқарасын білдіретін үлкен қадам деуге болады. Ахмет Байтұрсынов біздің тарихымыздағы ең ұлы, биік тұлға болып саналады. Ұлттың ұстазы деген атқа ие болған, біздің бүкіл білім жүйесін, ғылым жүйесін, мәдениетті дамытуға шексіз қызмет еткен ұлы тұлға. Ал енді осы тұлғаны құрметтемесек, оған тағзым етудің бейнесін көрсетпесек біздің елдігіміз қайда? Жас ұрпақтың өзінің аталарының еңбегін білуі, оны жүректеріне сіңіруі және сол рухта тәрбиеленіп, елдік, мемлекеттік дәрежедегі үлкен қайраткер болуына ерекше ықпал ететін музей болады деген ойдамыз.

Мереке ҚҰЛКЕНОВ,

Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының орынбасары:

– Бұдан кейін бұл музейдің бағы жанады деп ойлаймыз. Өйткені, қазақ деген халықты Ахмет Байтұрсыновсыз елестету мүмкін емес. Біздің балаларымыздың тілін ашып берген ұстаз. Бүкіл қазақтың рухына үлес қосқан адам, біздің еңсеміздің көтеріліп жүруіне жағдай жасаған бірден-бір адам болса, ол осы Ахмет Байтұрсынов. Ол кісі өмірінде онша көп қызық көрген жоқ. Патша үкіметі кезі мен Кеңес үкіметі кезінде де қудалауда болып, ақыры ең соңында атылып кетті. Бірақ оның өзіне қазақ халқына өлшеусіз еңбек етіп, өлшеусіз мұра қалдырып кетті.



СПОРТ КҮНДЕЛІГІ

Волейбол

Азияның клубтық чемпионаты



Накхонпатхом қаласында (Таиланд) волейболдан ерлер арасында өтіп жатқан Азияның клубтық біріншілігінің топтық кезеңінің ойындары аяқталды. Чемпионатта Алматының «Буревестникі» нәтижелі өнер көрсетуде. Алғашқы ойында Ирактың «Союз Газынан» 2:3 есебімен жеңіліп қалғанымен, жерлестеріміз келесі екі бәсекеде қарсыластарын ойсырата жеңді: жергілікті «Нахон Радчасима» мен Шри-Ланканың «СЕБ» клубтарын тізе бүктірді. Ал Кувейттің «Казмасымен» ойында да біздің спортшыларымыз таза жеңіске жетті. Үш ойындағы есеп те – 3:0! Сонымен, үш ойындағы таза жеңісімен 10 ұпайды олжалаған алматылықтар А тобында көш бастап, плей-офф сайысына жолдама алды. Енді жерлестеріміз жартылай финалда Катар – Al Arabi Sports Club клубымен кездеседі. Бұл ойын бүгін, 14 қазанда өтеді.

Веложарыс

Қазақстандық велошабандоздың жеңісі



Италияның Ломбардия өңіріндегі Лисоне қаласының маңында өткен дәстүрлі «Коппа Агостони» велоодасында қазақстандық велошабандоз Алексей Луценко 180 шақырымдық қашықтықты 4 сағат 19 минут 44 секундта жүріп өтіп, жеңімпаз атанды.

Атлетика

Бәрекелді, чемпиондар!



Сауд Арабиясының Жидда қаласында ауыр атлетикадан жастар арасында өткен әлем чемпионатына Қазақстаннан қатысқан екі спортшымыз да алтыннан алқа тақты.

102 келі салмақ дәрежесінде сынға түскен жерлесіміз Рахат Бекболат қосайыстың қорытындысы бойынша 355 (155+200) келілік зілтемірді еркін еңсеріп, бас жүлдені иеленді.

Ал әйелдер арасындағы жарыста ару қызымыз Руфина Шалқарова +81 келі салмақта сынға түсіп, 247 (107+140) келі көрсеткішті бағындырып, алтыннан алқа тақты.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Төрехан
ДАНИЯРОВ

2014 жыл бедерінде Қазақ Елінің ішкі өмірінде де, халықаралық аренада да жетістіктері аз болған жоқ. Әрине, еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайына сыртқы факторлардың (Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одаққа бірігуінің қарсаңы, Ресей мен Батыс арасындағы «санкциялық соғыс», әлемдік экономикалық дағдарыстың күрделенуі) ықпалы кері әсер етпеді деп те айта алмаймыз.

Тәуелсіздігіміздің он үшінші жылы Елбасының «Қазақстан–2050» Стратегиясы аясындағы бір мақсатты, бір мүддені, бір болашақты мақсат тұтқан Қазақстан халқына Жолдауымен ашылды. Бұл Жолдауында Президент еліміздің әлемнің ең дамыған отыз мемлекетінің қатарына енуінің нақты жоспарын ұсынғаны белгілі. Билік экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және «Қазақстан–2050» Стратегиясын жүзеге асыру үшін нақты да серпінді қадамдар жасай алды. Ушыққан жағдайды оңтайландырудың, отандық экономиканы қорғаудың, сырттан келетін қауіпті тұсаулаудың алғашқы қадамы жыл басында-ақ қолға алынды. Ұлттық Банк теңгенің 20 пайыздық девальвациясын жүзеге асырды. Үкіметке Қ.Мәсімов бастаған жаңа құрамның ке-

луімен, 17 министрліктен 12 министрлік, 54 комитеттен 30 комитет қалды. Жаңа Үкімет Елбасы тапсырмасы бойынша жедел түрде әлеуметтік-экономикалық саясаттың алғышарттарын айқындаған Жол картасын дайындады. Мемлекет басшысы бұл ретте Үкімет пен аймақ әкімдерінен негізгі азық-түлік және әлеуметтік маңызы бар тауарлардың, коммуналдық қызметтердің, жанар-жағармайдың, дәрі-дәрмектердің бағаларының өсуіне жол берілмеуін талап етті. Елбасы шағын және орта бизнес өкілдерін қолдау мақсатында ұзақмерзімді несиелеу мүмкіндіктерін қарастырып, Ұлттық қордан 2014-2015 жылдары 1 триллион теңге бөлуді ұсынды. Дағдарысты еңсерудің басты шарттарының бірі – экономикаға қолдау жасап, оның тиімділігін арттырудың жолы ретінде капиталды заңдастыру мен мемлекеттік меншіктегі нысандарды жекешелендіру, мемлекеттің қатысы бар кәсіпорындарды жеке секторға беру қолға алынды. Бұл тұрғыда Үкімет пен «Самұрық-Қазына» қорына үлкен міндеттер жүктелді. Мұның бәрі Мемлекет басшысының 2014 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында көрініс тапқан мәселелер. Ал Жолдауда жария етілген «Нұрлы жол» бағдарламасы арқылы Нұрсұлтан Назарбаев алдағы дағдарысқа қарсы Қазақ Елінің жаңа экономикалық саясатын тұжырымдап берді. Сонымен...

Біз – халқымыздың тәуелсіздік жолындағы сан ғасырлық арман-тілегіне қол жеткізген ұрпақпыз... Бізге мемлекеттің болашағы үшін зор жауапкершілік жүктеліп отыр. Бірлігіміз бен ынтымағымыз мығым болса, барлық қиындықты жеңіп, мақсатымызға жетеміз.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.



2014 жылғы 2 шілдеде Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің ресми ашылу салтанаты өтті.

Орталық Азияда баламасы жоқ бірегей жобаның салтанатты ашылуына Елбасы Н.Ә.Назарбаев қатысты. Мұражай ғимараты Тәуелсіздік алаңы маңындағы «Қазақ елі» монументімен, Тәуелсіздік сарайымен, Бейбітшілік және Келісім сарайымен, «Хазірет Сұлтан» мешітімен және Ұлттық өнер университетімен үндестікте тұр. Ұлттық музейге Қазақстанның ерте ғасырдан бүгінгі күнге дейінгі археологиялық, этнографиялық жәдігерлері мен мәдени ескерткіштері жинақталған.

Музей кеінені 74 000 м² жерді алып жатыр және тоғызыншы қабатқа дейін ауыспалы қабатты болып келетін жеті блоктан тұрады. Жалпы көлемі 14 000 м² асатын экспозициялық алаңда Астана залы, Тәуелсіз Қазақстан залы, Алтын залы, Ежелгі және орта ғасыр тарихы залы, Тарих залы, Этнография залы, Қазіргі заманғы өнер залы және тағы басқа да залдар бар.

Тәуелсіздік шежіресі

17 қаңтар

Мемлекет басшысы «Қазақстан жолы–2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауын жария етті. Қазақстанның әлемнің барынша дамыған 30 елінің қатарына кіру жоспарын ұсынды.

«Қазақстан–2050» Стратегиясы – барлық саланы қамтитын және үздіксіз өсуді қамтамасыз ететін жаңғыру жолы. Ол – елдігіміз бен бірлігіміз, ерлігіміз бен еңбегіміз сыналатын, сынала жүріп шыңдалатын үлкен емтихан. Стратегияны мүлтіксіз орындап, емтиханнан мүдірмей өту – ортақ парыз, абыройлы міндет!», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

22–25 қаңтар



Швейцария Конфедерациясының Давос қаласында Дүниежүзілік экономикалық форум өтті. Оның жұмысына Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев та қатысты.

7 ақпан

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ХХІІ Қысқы Олимпиада ойындарының ашылуына қатысу үшін Ресей Федерациясының Сочи қаласына барды.



5 наурыз

Мәскеуде Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес отырысы болды.

Ресей астанасында өткен алқалы жиынға Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев, Ресей Президенті Владимир Путин және Беларусь Президенті Александр Лукашенко қатысты.



23–25 наурыз

Мемлекет басшысы ресми сапармен Нидерланды Корольдігіне барды. Бұл сапар аясында мемлекетаралық ынтымақтастықты көздейтін мәселелер қаралды. Ресми сапардың екінші күні Нұрсұлтан Назарбаев Гаага қаласында өткен ІІІ Ядролық қауіпсіздік жөніндегі жаһандық саммитке қатысты. «Біз жаһандық ядролық қауіпсіздікті нығайту ісіне тұрақты түрде үлес қосып келеміз және бұдан әрі келесі бағыттарды іске асыруға күш салу керек деп санаймыз: Біріншіден, толық және жаппай ядролық қарусыздануға қол жеткізу – ядролық қауіпсіздікке кепілдік беретін бірден-бір амал деп есептейміз. Екіншіден, ядролық терроризмді және оның негіздерін

2014
ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ
ОҚИҒАЛАРЫ

1. Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Қазақстан жолы–2050. Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ.
2. Еуразиялық экономикалық одақ туралы Шартқа қол қою.
3. Нұрлы жол – болашаққа бастар жол.

түп-тамырымен жою кейінге қалдыруға болмайтын міндеттердің қатарына жатады», – деді Елбасы өз сөзінде.

18 сәуір



Қазақстан халқы Ассамблеясының ХХІ сессиясы өтіп, оның жұмысына Нұрсұлтан Назарбаев төрағалық етті. Сессия барысында «Қазақстан–2050» Стратегиясы аясындағы бейбітшілік, руханият, келісім мәдениеті жөніндегі бағдарлы мәселелер талқыланды.

7 мамыр



Мемлекет басшысы, Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Н.Ә.Назарбаев Отан қорғаушыларының күніне арналған әскери парадқа қатысты.

19–21 мамыр

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев мемлекеттік сапармен Қытай Халық Республикасына барып, Си Цзиньпинмен кездесті. Сапар аясында көршілес екі ел басшылары сауда-экономика, қаржы-инвестиция, көлік транзиті және ауыл шаруашылығы салалары бойынша ауқымды мәселелерді талқылап, ынтымақтастықтың маңызды уағдаластықтарына қол жеткізді. Ал 21 мамырда Елбасы Қытайдың Шанхай қаласында өткен Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің IV саммитіне қатысты.

21–23 мамыр



Елордада VII экономикалық форум мен II Дүниежүзілік дағдарысқа қарсы конференция өтті. Тәуелсіздік Сарайында өткен бұл шараға Нұрсұлтан Назарбаев қатысып, сөз сөйледі.

29 мамыр



Елордада Қазақстан, Беларусь, Ресей мемлекеттерінің Президенттері бас қосты. Алқалы басқосу аясында Нұрсұлтан Назарбаев, Александр Лукашенко және Владимир Путин мемлекеттераралық ынтымақтастықтың маңызды қадамдарын нақтылап, Еуразиялық экономикалық одақ құру туралы шартқа қол қойды.

30 ЖЫЛДЫҢ 30 СӘТІ



23–25 наурыз аралығында Нидерланды Корольдігінің Гаага қаласында өткен III Ядролық қауіпсіздік жөніндегі жаһандық саммит өтті.

3–5 маусым



Түркияның Бодрум қаласында Түркітілдес мемлекеттердің Ынтымақтастық кеңесінің мемлекеттер басшылары деңгейіндегі IV саммиті өтті. Қазақ басшысы Нұрсұлтан Назарбаев қатысқан бұл әлемдік басқосудың қорытындысы бойынша Ынтымақтастықты одан әрі дамыту туралы Декларация қабылданды.

12 маусым

Ақмола облысындағы Бурабайда Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Шет ел инвесторлары Кеңесінің XXVII пленарлық отырысы өтті. Оның жұмысына Нұрсұлтан Назарбаев төрағалық етті. Дәл осы күні Мемлекет басшысы Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Италияның Министрлер кеңесінің төрағасы М.Ренцимен кездесті.

19 маусым

Мемлекет басшысы Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Корея Республикасының Президенті Пак Кын Хеңі қабылдады. Президенттер екіжақты байланыстарды нығайту, сауда-экономикалық және инвестициялық-технологиялық ынтымақтастық аясын кеңейту мәселелерін талқылады.

22 тамыз



Жезқазған–Бейнеу және Арқалық–Шұбаркөл теміржолдарының іске қосылуына арналған салтанатты шара өтті.

29 қыркүйек

Елбасы Ресей Федерациясына жұмыс сапарымен барып, Астрахань қаласында өткен Каспий жағалауы мемлекеттері басшыларының IV саммитіне қатысты.

28 қазан

Елбасы Біріккен Араб Әмірліктерінің Дубай қаласында өткен X дүниежүзілік ислам экономикалық форумына қатысты.

11 қараша

Мемлекет басшысы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауын жария етті. 2014 жылдың ең негізгі саяси оқиғасы атанған бұл Жолдауында Президент әлемдік дағдарыс салдарынан жаһандық сынақ уақыты болатынын атап өтіп, осындай қиын кезеңнен тиімді шығудың тетіктерін жариялады. Нақтырақ айтқанда, тәуелсіз тарихымызда екінші рет Ұлттық қор қаражаты ел мүддесі үшін жаратылатын болып шешілді.

3 желтоқсан



Иран мен Түркіменстан шекарасында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев, Иран Президенті Хасан Рухани, Түркіменстан президенті Гурбангулы Бердымұхамедов бас қосты. Президенттер құрылысы 2008 жылы басталған Өзен–Қызылқия–Берекет–Этрек–Горган (Қазақстан–Түркіменстан–Иран) теміржол желісін ресми түрде ашты.

5 желтоқсан

Қазақстанға мемлекеттік сапармен Франция президенті Франсуа Олланд келді. Екі ел Президенттерінің кездесуінде қазақ-француз стратегиялық серіктестігінің негізгі бағыттары, сауда-экономикалық, инвестициялық, ғарыш, мұнай-газ және теміржол машиналарын жасау салаларындағы ынтымақтастық мәселелері талқыланып, маңызды уағдаластықтарға қол жеткізілді.

15 желтоқсан

«Астана Опера» театрында Тәуелсіздік күніне орай салтанатты шара өтті. Оған Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев қатысып, сөз сөйледі.

ЖЫЛ ТҮЙІНІ:

Осы бір жыл аясында Қазақстан үдемелі индустриалды-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасының алғашқы бесжылдығын нәтижелі аяқтай білді. Дағдарысқа қарсы маңызды қадамдар жасаған халықаралық қаржы институттары – Ислам даму банкімен (1,1 млрд. долларға), Дүниежүзілік банкімен (2,5 млрд. долларға), Азия даму банкімен (1,6 млрд. долларға) ынтымақтастық туралы шарт жасасқанын да айта кеткен жөн. Қостанай облысында «СарыарқаАвтоПром» ЖШС тарапынан «Toyota Fortuner» мен «SsangYong Nomad» автокөліктерін құрастыру қолға алынды. Қарағанды облысында жалпы ұзындығы 1200 шақырым болатын «Арқалық–Шұбаркөл» (Бұл жол Қазақстан орталығынан Ресейге, батыс-сеуропа елдеріне жол ашты) және «Жезқазған–Бейнеу» (Ел орталығын халықаралық «Өзен–Берекет–Горган» теміржол магистралімен жалғасып, Ақтау теңіз айлағы арқылы Түркіменстанмен, одан әрі Парсы шығанағымен байланыстырады) теміржол желісі пайдалануға берілді. Ал жыл аяғында Алматы облысында Қытай Халық Республикасымен бірлескен ірі жобаның алғашқы кезегі – «Қорғас – Шығыс қақпасы» айлағы ашылды.

Бұл жоба «Жетіген–Қорғас», «Жезқазған–Бейнеу» теміржол желілерімен, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автокөлік дәлізімен, Ақтау портымен тығыз байланыста дамып, қуатты шекаралық логистикалық орталыққа айналатын болады. Өз кезегінде мұның өзі Қазақстанның әлемдік сауда мен тасымал

желісіндегі қуатын арттырады сөзсіз. Осы ретте 2014 жылы қытайлықтармен бірлескен тағы бір көліктік-логистикалық жоба – әлемнің ең ірі айлақтарының бірі болып табылатын Ляньюньган теңіз айлағында Қазақстан терминалының алғашқы кезегінің құрылысы басталғанын да айтқан жөн. Осы терминал арқылы Қазақстаннан шыққан транзиттік жүктерді Оңтүстік-Шығыс Азия, Австралия, Канада елдеріне тасымалдауға мүмкіндік туады.

2014 жылдың соңына қарай Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Ұлы Отан соғысы ардагерлерін қолдаудың жалпыұлттық акциясын өткізу туралы бастама көтерді. Президент тапсырмасымен Жаңа жыл қарсаңында бүкіл республика бойынша барлық деңгейдегі әкімдер елімізде тұрып жатқан бес мыңнан астам соғыс ардагерлерінің әрқайсысымен жолығып, оларға Мемлекет басшысының атынан құттықтау хаттар мен сыйлықтар тапсырылды. Жылды қорытындылар тұста «Біз өз тағдырымызды өз қолымызда нық ұстап тұрғанымызды тағы бір дәлелдедік. Алдағы жылға Қазақстан нақты, айқын, жасампаз жоспарларымен қадам басқалы тұр. Біздің күшіміз ғасырлар бойы қалыптасқан бірлік пен келісім құндылықтарында. Бірлік пен ынтымақ, ғасырлар мен ұрпақтар сабақтастығы біздің мығым да қуатты жолымызды одан әрі еселей түседі», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

(Деректер мен суреттер ашық интернет көздерінен алынды).

СТАТИСТИКА:

2014 жылы Президент 700-ге жуық протоколдық шараларға, халықаралық сипаттағы 150-дей басқосу-кездесулерге қатысты. Соның ішінде 17 мемлекетаралық саммит пен 4 халықаралық форум бар. Елбасы республика өңірлеріне 23 рет, шет елдерге 23 рет ресми сапарға шықты. Жыл бойы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен 25 баспасөз конференциясы мен брифингтер өтті, азаматтардың 331 өтініші, 6600 құжат қаралып, барлығы 118 Заң қабылданып, 266 Жарлыққа қол қойылды.



29 мамырда Елордада Қазақстан, Беларусь, Ресей мемлекеттерінің Президенттері бас қосты. Бұл алқалы басқосу аясында Нұрсұлтан Назарбаев, Александр Лукашенко және Владимир Путин мемлекеттераралық ынтымақтастықтың маңызды қадамдарын нақтылап, ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ ҚҰРУ ТУРАЛЫ ШАРТҚА қол қойды.

ДҮЙСЕНБІ
18 ҚАЗАН

Almaty™ АЛМАТЫ

- 6.00 Әсем әуен
6.30 Бақытты отбасы
7.00 Әсем әуен
8.00 Таңғы студия
10.00 Sau bolashaq
10.15 Мультфильм
12.00 Телесериал.
Отражение радуги
9, 10 серия
14.00 Әмір иірімі
14.50 Quzyq chat
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 ТҰСАУКЕСЕР!
Телехикая. Қызыл жебе
9, 10 серия
16.30 Үздік әзілдер
17.30 Әсем әуен
18.30 Бақытты отбасы
19.00 Қорытынды
жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Басты назарда (тікелей
эфир)
20.40 ТҰСАУКЕСЕР!
Телехикая. Жер мен көк
1, 2 серия
21.55 Телехикая.
Тракторшының
махаббаты 1 серия
22.40 Әсем әуен
23.00 Қорытынды
жаңалықтар/Итоговые
новости
0.00 ТҰСАУКЕСЕР!
Телехикая.
Ғажайыпсың 6 серия
1.10 Басты назарда
(қайталау)
1.40 Әсем әуен
2.30 Телехикая. Әр жерде
сен 26 серия
3.15 Сәуле-ғұмыр
4.00 Дала сазы
4.30 Әсем әуен
4.40 Алматы кеші
5.55 Әнұран

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

- 6.00 Әнұран
6.05 «Дала өркениеті».
Деректі фильм.
(«Qazaqstan» Ұлттық
телеарнасы, 2020 ж.)
6.20 «Күміс көмей». Ұлттық
музыкалық-танымдық
бағдарлама
7.00 «TANSHOLPAN». Таңғы
ақпаратты-сазды
бағдарлама.
Тікелей эфир
10.00 AQPAPAT
10.10 «Ғашықтық дерті».
Телехикая. (Түркия,
2016-2017 ж.ж.)
12.00 «Ақжауын». Телехикая.
(«Qazaqstan» Ұлттық
телеарнасы, 2021 ж.)
13.00 AQPAPAT
13.10 «Quzyq eken...».
14.00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР».
Тікелей эфир
15.00 AQPAPAT
15.15 «Apta». Сараптамалық
бағдарлама.
16.05 «Қанатсыз құстар-2».
Телехикая.
(«Qazaqstan» Ұлттық
телеарнасы, 2020 ж.)
17.00 AQPAPAT
17.15 «QYZYQ EKEN...».
18.00 «ҒАШЫҚТЫҚ ДЕРТІ».
Телехикая. (Түркия,
2016-2017 ж.ж.)
19.00 ТҰСАУКЕСЕР! «ТАҒДЫР
ЖАЛЫНЫ». Телехикая.
20.00 AQPAPAT
20.35 «ASHYQ ALAŃ».
Қоғамдық-саяси ток-
шоу. Тікелей эфир.
21.30 «АҚЖАУЫН».
Телехикая.
(«Qazaqstan» Ұлттық
телеарнасы, 2021 ж.)
22.30 «ЖАТ МЕКЕН».
Телехикая. (Түркия,
2020 ж.) (с субтитрами)
23.30 «Қанатсыз құстар-2».
Телехикая.

- 0.25 «САНА». Ток-шоу
ХАБАР

6.00 ҚР Әнұраны
6.00 «Әзіл кеші»
7.00 «Самопознание»
7.15 Телесериал.
«Время»

9.45 Тұсаукесер!
Телехикая.
«Қақпан»
14.00 Советское кино.
«Приключения
итальянцев в России»
16.00 Премьера!
Телесериал.
«Kaz News»
18.00 «Маска»
18.30 «Ән әлемі»
19.30 Тұсаукесер!
«Есо мекен»
20.30 «Мәжіліс.kz»
21.00 Информационный
канал – аналитическая
программа
«7 күн»
22.00 «Большая неделя».
Прямой эфир
23.30 Премьера!
Телесериал. «Kaz
News»
1.30 «Pro SPORT»
2.00 ҚР Әнұраны



31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студио
(қазақша)
06.30 Әзілдер күнделігі
(қазақша)
08.00 Тамаша live
(қазақша)
08.30 Тәтті шоу
(қазақша)
(қайталау)
09.30 Готовим с Адель
(қазақша)
10.00 What's up?
(қазақша)
11.00 Тұсаукесер!
«Села полетела»
12.00 What's up?
(қазақша)
12.20 «Аладдин»
мультхикаясы
(қайталау)
12.50 «Лило и Стич»
мультхикаясы
(қайталау)
13.20 КИНО.
«Анаконда 2.
Охота за проклятой
орхидеей»
(қайталау)
15.30 КИНО.
Райан Гослинг,
Харрисон Форд
«Бегущий по лезвию
2049»
фантастикалық
боевикінде
(қайталау)
19.00 КИНО.
Джеки Чан
«Большой солдат»
комедиялық
боевикінде
21.00 КИНО.
Джейсон Стэйтем
«Перевозчик 3»
боевикінде
23.00 «Битва экстрасенсов»
мистикалық шоуы
(қайталау)
01.30 Тамаша live
(қазақша)
(қайталау)
02.00 Алдараспан,
Нысана,
Шаншар
әзілдері
(қазақша)
05.00 Ризамын
(қазақша)



ЕВРАЗИЯ

6.00 «ӘЙЕЛ СЫРЫ...»
бағдарламасы
6.45 «ТОЙ ЗАКАЗ»
бағдарламасы
7.15 «ВОСКРЕСНЫЕ
БЕСЕДЫ»
7.30 «МАМА,
МАҒАН ДАУЫС БЕР!»
бағдарламасы
9.00 «ПОТОМКИ ВЕЛИКОЙ
СТЕПИ»

9.20 «ТАЙНЫ ВОКРУГ НАС»
10.00 «КАКОЙ ОНА БЫЛА».
Многосерийный
фильм
14.35 Александр Устюгов,
Сергей Перегудов
в детективе «МОЯ
ФАМИЛИЯ ШИЛОВ»
17.00 ШОУ МАКСИМА
ГАЛКИНА
«ЛУЧШЕ ВСЕХ».
НОВЫЙ СЕЗОН
18.50 «ДОБРЫЙ ВЕЧЕР,
КАЗАХСТАН!»
20.00 Премьера.
«ГРАНИ».
Прямой эфир
21.30 Премьера.
Дарья Легейда,
Дмитрий Сова в
многосерийном
фильме
«АССИСТЕНТКА»
23.45 «ЧТО? ГДЕ? КОГДА?».
Осенняя серия игр
1.25 Премьера.
«ВЫЗОВ».
ПЕРВЫЕ В КОСМОСЕ»
2.50 «П@УТИНА»
бағдарламасы
3.45 «ӘЙЕЛ СЫРЫ...»
бағдарламасы
До 4.45



7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Гу-гулет»
06.30 Т/п «Япырай»
07.25 Шоу «Jaidarman Cup»
09.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»
10.00 Т/п «Айна-online»
10.40 Х/с «Тайны госпожи
Кирсановой»
15.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»
16.00 К/ф «Махпейкер»
18.35 Х/ф «Пеле: Рождение
легенды»
21.00 Шоу «Музыкальная
интуиция»
23.00 Т/с «Разведка»
01.00 Х/ф «Рокки Бальбоа»
03.15 К/ф «Махпейкер»
05.00 Т/п «Қуырдақ»



KTK

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ
ШЫРАҚТЫ»
07.50 «БАЛА ДАУЫСЫ»
09.00 «ЮМОРИНА»
11.20 «ДОЛГАЯ ДОРОГА
К СЧАСТЬЮ»
мелодрама
(повтор)
15.30 «АТАЛАР СӨЗІ»
өзбек телехикаясы
19.00 «ЕРКЕКПІН МЕН».
Ғазизхан
Шекербековтің
ән-кеші
21.00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ» с
Артуром Платоновым
22.00 «НУЛЕВОЙ ЦИКЛ»
мелодрама.
В главной роли
Ксения Лаврова-
Глинка
00.00 «БЫЛО ДЕЛО»
(повтор)
02.00 «АТАЛАР СӨЗІ»
(қайталау)
03.30-
04.20 «ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ
ШЫРАҚТЫ»
(қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

7.00 Әнұран
7.05 ТЕННИС.
WTA-250.
«ASTANA OPEN»
8.55 Арнайы репортаж
9.20 ФУТБОЛ.
ОЛИМПЕТ-Қазақстан
Чемпионаты.
«Ақжайық» – «Тұран»

11.20 ФУТБОЛ.
УЕФА Чемпиондар
Лигасының журналы
11.55 ЖАМБЫ АТУ.
«Ұлы дала рухы»
фестивалі
13.20 ФУТБОЛ.
УЕФА Чемпиондар
Лигасының шолуы
14.15 ФУТБОЛ.
«Доп дода».
Тікелей эфир
14.55 ФУТБОЛ.
ОЛИМПЕТ-Қазақстан
Чемпионаты.
«Тараз» –
«Ордабасы».
Тікелей эфир
16.50 ХОККЕЙ.
КХЛ.
«Барыс» (Нұр-Сұлтан)
– «Северсталь»
(Череповец).
Тікелей эфир
19.30 «Параспортшылар
спартакиадасы».
Арнайы репортаж
19.55 ФУТБОЛ.
ОЛИМПЕТ-Қазақстан
Чемпионаты.
«Қайрат» –
«Астана».
Тікелей эфир
22.00 КӨКПАР.
«Ұлы дала рухы»
фестивалі
22.55 ФУТБОЛ.
ОЛИМПЕТ-Қазақстан
Чемпионаты.
«Тұран» – «Ақтөбе»
0.55 «Қазақстан спортын
трансформациялау
жобалық кеңсесі».
Арнайы репортаж
1.05 Әнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан
Республикасының
Мемлекеттік Әнұраны
7.05 «Айдаһар Дигби»
Мультхикая.
7.15 «Қырық төрт мысық»
Мультхикая.
7.30 «Супер әке»
Мультхикая.
7.55 Анимация.
Отандық /
«Еркелер»
8.25 Тұсаукесер!
«Топбасшы Юху»
Мультхикая.
8.50 «Достық –
жеңілмейтін күш»
Мультхикая.
9.40 Анимация.
Отандық /
«Әсем әуен»
10.00 Тұсаукесер!
«Көңілді жексенбі»
отбасылық сайысы.
10.35 «Хайди»
Мультхикая.
11.20 Тұсаукесер! Анимация.
Отандық /
«Трансформер Тұлпар»
11.40 Тұсаукесер!
Анимация.
таңдық /
«Жасыл ел»
12.00 Анимация.
Отандық /
«Қызғалдақтар мекені»
12.20 Анимация.
Отандық /
«Сақалар»
12.45 «Расулдың хикаялары»
ситкомы
13.20 Тұсаукесер!
«Горм сақшылары»
Мультхикая.
13.40 Анимация.
Отандық /
«Еркетай»
14.10 «Элвин мен
алақоржындар»
Мультхикая.
14.40 Анимация.
Отандық /
«Бетперделі батыр»

15.00 «Үздік қойылым»
телехикаясы
15.40 Анимация.
Отандық /
«Сәби»
16.00 Тұсаукесер!
«Толағай» отбасылық
сайысы.
16.30 «Аполлонның ерлігі»
Мультхикая.
16.55 DISNEY ұсынады.
«Шебер Мәнни»
Мультхикая.
17.15 «Айдаһар Дигби»
Мультхикая.
17.25 «Қырық төрт мысық»
Мультхикая.
17.40 «Супер әке»
Мультхикая.
18.05 Тұсаукесер! Анимация.
Отандық /
«Білгішбектер»
18.35 Тұсаукесер!
«Топбасшы Юху»
Мультхикая.
19.00 Анимация.
Отандық /
«Сақалар»
19.25 «Расулдың хикаялары»
ситкомы
20.00 Тұсаукесер!
Анимация.
Отандық / «Жасыл ел»
20.20 Анимация.
Отандық /
«Қызғалдақтар мекені»
20.40 «Расулдың хикаялары»
ситкомы
21.15 Тұсаукесер!
«Горм сақшылары»
Мультхикая.
21.35 Анимация.
Отандық /
«Бетперделі батыр»
21.55 Анимация.
Отандық / «Әсем әуен»
22.10 «Сиқырлы бөлме»
кешкі ертегі.
22.25 «Элвин мен
алақоржындар»
Мультхикая.
22.55 Анимация. Отандық /
«Трансформер Тұлпар»
23.15 «Аполлонның ерлігі»
Мультхикая.
23.40 Анимация. Отандық /
«Сәби»
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

TALIM TV TALIMTV

06.05 Сүбелі сөз (Қазақша) –
сұхбат
06.40 Рухани байлық
07.30 Балалық шаққа саяхат
08.10 Емен-жарқын
09.00 Тәтті time – Аспаз
уақыты
09.40 Айтыстар. Алтын қор
10.10 «Баланы бала деменіз»
– Балалар уақыты
10.30 Orken style
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе
(Архив)» – Қайталау
12.20 Ғибратты ғұмырлар
13.10 Ем болсын
13.20 «Кеш емес» – қ.м.ф.
14.10 Тәлім history
15.00 «Сырласайық» (Архив)
– Қайталау
16.00 «Біріңді күтер бір
бақыт» – Көркем
фильм
17.00 Ем болсын
17.10 «Менің – анам, менің-
әкем» Ата-ана туралы
сыр
17.30 Ем болсын
18.00 «Тәлім TREND» – дебат
19.00 Өнер қырандары
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Бір дубль»
21.00 Қышқыл – Мысқыл
21.30 ОңLine
22.00 Talim Speakers
23.00 Пруст сауалнамасы
23.30 «Сырласайық»
Психологиялық
бағдарламасы

ДҮЙСЕНБІ
18 ҚАЗАН

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

2.00	Телеканал «Доброе утро» (6+)
5.00	Новости
5.05	Телеканал «Доброе утро» (6+)
6.15	«Поле чудес» (16+)
7.15	«Жить здорово!» (16+)
8.05	«Модный приговор» (6+)
9.00	Новости
9.25	«Время покажет» (16+)
12.00	Новости (с субтитрами)
12.30	«Давай, поженемся!» (16+)
13.15	«Мужское / Женское» (16+)
14.05	«Время покажет» (16+)
15.00	Вечерние новости (с субтитрами)
15.40	«На самом деле» (16+)
16.50	«Пусть говорят» (16+)
18.00	«Время»
18.30	Премьера. Евгений Стычкин, Ольга Сутулова в многосерийном фильме «Алиби» (16+)
20.15	«Вечерний Ургант» (16+)
20.50	«Познер» (16+)
21.45	«Время покажет» (16+)
0.00	Новости
0.05	«Время покажет» (16+)
1.00	«Мужское / Женское» (16+)

НТВ-МИР

6.00	«Утро. Самое лучшее».
7.25	«Чрезвычайное происшествие».
8.00	«Сегодня».
8.25	Владислав Котлярский, Николай Козак, Степан Рожнов, Виктория Тарасова в детективном сериале «КАРПОВ». «Здесь темно и тихо», «Свидетель» (начало).
10.00	«Сегодня».
10.25	Сериал. «КАРПОВ». «Свидетель» (продолжение), «Со дня», «Куш».
13.00	«Сегодня».
13.25	«Чрезвычайное происшествие».
14.00	«Место встречи».
16.00	«Сегодня».
16.30	«За гранью».
17.35	«ДНК».
18.40	Олег Штефанко, Анна Большова, Алексей Булдаков, Нина Гогаева в детективном сериале «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ». «Защита Зубова» (начало).
19.00	«Сегодня».
19.45	Сериал. «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ». «Защита Зубова» (продолжение).
21.40	Премьера. Александр Устюгов, Владимир Верёвочкин, Геннадий Смирнов, Владимир Селезнёв в остросюжетном сериале «МЕТОД МИХАЙЛОВА». «Похищение», «Сердце матери».
23.40	«Основано на реальных событиях». «Похищение русских детей». 1-я серия.
0.30	«Сегодня».
0.40	Алексей Нилов, Максим Дахненко, Лукерья Ильяшенко, Сергей Волков в остросюжетном сериале «ВЫСОКИЕ СТАВКИ. РЕВАНШ». 9-я и 10-я серии. Максим Фомин, Алексей Титков, Роман Нечаев, Борис Хвощнянский в остросюжетном сериале «ГОНЧИЕ». «Женская доля». 1-я и 2-я части.
4.40	«Прокурорская проверка».
5.35	«Готовим с Алексеем Зиминным».

СЕЙСЕНБІ
19 ҚАЗАН

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

2.00	Телеканал «Доброе утро» (6+)
5.00	Новости
5.05	Телеканал «Доброе утро» (6+)
6.15	«Пусть говорят» (16+)
7.15	«Жить здорово!» (16+)
8.05	«Модный приговор» (6+)
9.00	Новости
9.25	«Время покажет» (16+)
12.00	Новости (с субтитрами)
12.30	«Давай, поженемся!» (16+)
13.15	«Мужское / Женское» (16+)
14.05	«Время покажет» (16+)
15.00	Вечерние новости (с субтитрами)
15.40	«На самом деле» (16+)
16.50	«Пусть говорят» (16+)
18.00	«Время»
18.30	Премьера. «Алиби». Многосерийный фильм (16+)
20.15	«Вечерний Ургант» (16+)
20.50	«Сергей Безруков. И снова с чистого листа» (12+)
21.45	«Время покажет» (16+)
0.00	Новости
0.05	«Время покажет» (16+)
1.00	«Мужское / Женское» (16+)

НТВ-МИР

6.00	«Утро. Самое лучшее».
7.25	«Чрезвычайное происшествие».
8.00	«Сегодня».
8.25	Владислав Котлярский, Николай Козак, Степан Рожнов, Виктория Тарасова в детективном сериале «КАРПОВ». «Проверка на прочность», «Огонь» (начало).
10.00	Сериал. «КАРПОВ». «Огонь» (продолжение), «Часть той силы», «Сети».
10.25	«Сегодня».
13.00	«Чрезвычайное происшествие».
13.25	«Место встречи».
14.00	«Сегодня».
16.00	«За гранью».
16.30	«ДНК».
17.35	Олег Штефанко, Анна Большова, Алексей Булдаков, Нина Гогаева в детективном сериале «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ». «Лучший друг» (начало).
18.40	«Сегодня».
19.00	Сериал. «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ». «Лучший друг» (продолжение).
19.45	Премьера. Александр Устюгов, Владимир Верёвочкин, Геннадий Смирнов, Владимир Селезнёв в остросюжетном сериале «МЕТОД МИХАЙЛОВА».
23.40	«Розыгрыш», «Сила любви».
0.30	«Основано на реальных событиях». «Похищение русских детей». 2-я серия.
0.40	«Сегодня».
2.45	Алексей Нилов, Максим Дахненко, Лукерья Ильяшенко, Сергей Волков в остросюжетном сериале «ВЫСОКИЕ СТАВКИ. РЕВАНШ». 11-я и 12-я серии. Максим Фомин, Алексей Титков, Роман Нечаев, Борис Хвощнянский в остросюжетном сериале «ГОНЧИЕ». «Женская доля». 3-я и 4-я части.
4.45	«Прокурорская проверка».
5.40	«Их нравы».

СӘРСЕНБІ
20 ҚАЗАН

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

2.00	Телеканал «Доброе утро» (6+)
5.00	Новости
5.05	Телеканал «Доброе утро» (6+)
6.15	«Пусть говорят» (16+)
7.15	«Жить здорово!» (16+)
8.05	«Модный приговор» (6+)
9.00	Новости
9.25	«Время покажет» (16+)
12.00	Новости (с субтитрами)
12.30	«Давай, поженемся!» (16+)
13.15	«Мужское / Женское» (16+)
14.05	«Время покажет» (16+)
15.00	Вечерние новости (с субтитрами)
15.40	«На самом деле» (16+)
16.50	«Пусть говорят» (16+)
18.00	«Время»
18.30	Премьера. «Алиби». Многосерийный фильм (16+)
19.20	Премьера сезона. «Док-ток» (16+)
20.15	«Вечерний Ургант» (16+)
20.50	«Никита Михалков. Движение вверх» (12+)
22.00	«Время покажет» (16+)
0.00	Новости
0.05	«Время покажет» (16+)
1.15	«Мужское / Женское» (16+)

НТВ-МИР

6.00	«Утро. Самое лучшее».
7.25	«Чрезвычайное происшествие».
8.00	«Сегодня».
8.25	Владислав Котлярский, Николай Козак, Степан Рожнов, Виктория Тарасова в детективном сериале «КАРПОВ». «Хобот», «Крючок» (начало).
10.00	«Сегодня».
10.25	Сериал. «КАРПОВ». «Крючок» (продолжение), «Никому не нужный псих», «Сон».
13.00	«Сегодня».
13.25	«Чрезвычайное происшествие».
14.00	«Место встречи».
16.00	«Сегодня».
16.30	«За гранью».
17.35	«ДНК».
18.40	Олег Штефанко, Анна Большова, Алексей Булдаков, Нина Гогаева в детективном сериале «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ». «Короткое замыкание» (начало).
19.00	«Сегодня».
19.45	Сериал. «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ». «Короткое замыкание» (продолжение).

21.40	Премьера. Александр Устюгов, Владимир Верёвочкин, Геннадий Смирнов, Владимир Селезнёв в остросюжетном сериале «МЕТОД МИХАЙЛОВА». «Несчастный случай», «Авария».
23.40	«Основано на реальных событиях». «Похищение русских детей». 3-я серия.
0.30	«Сегодня».
0.45	«Поздников».
1.00	Алексей Нилов, Максим Дахненко, Лукерья Ильяшенко, Сергей Волков в остросюжетном сериале «ВЫСОКИЕ СТАВКИ. РЕВАНШ». 13-я и 14-я серии. Максим Фомин, Алексей Титков, Роман Нечаев, Виталий Кононов в остросюжетном сериале «ГОНЧИЕ». «Покер на четырёх тузах». 1-я и 2-я части.
4.55	«Прокурорская проверка».
5.50	«Их нравы».

БЕЙСЕНБІ
21 ҚАЗАН

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

2.00	Телеканал «Доброе утро» (6+)
5.00	Новости
5.05	Телеканал «Доброе утро» (6+)
6.15	«Пусть говорят» (16+)
7.15	«Жить здорово!» (16+)
8.05	«Модный приговор» (6+)
9.00	Новости
9.25	«Время покажет» (16+)
12.00	Новости (с субтитрами)
12.30	«Давай, поженемся!» (16+)
13.15	«Мужское / Женское» (16+)
14.00	«Время покажет» (16+)
15.00	Вечерние новости (с субтитрами)
15.40	«На самом деле» (16+)
16.50	«Пусть говорят» (16+)
18.00	«Время»
18.30	Премьера. «Алиби». Многосерийный фильм (16+)
19.20	«Большая игра» (16+)
20.15	«Вечерний Ургант» (16+)
20.50	К 95-летию Спартака Мишулина. «Саид и Карлсон» (12+)
21.45	«Время покажет» (16+)
0.00	Новости
0.05	«Время покажет» (16+)
1.00	«Мужское / Женское» (16+)

НТВ-МИР

6.00	«Утро. Самое лучшее».
7.25	«Чрезвычайное происшествие».
8.00	«Сегодня».
8.25	Владислав Котлярский, Николай Козак, Степан Рожнов, Виктория Тарасова в детективном сериале «КАРПОВ». «Гости из прошлого», «Переворот» (начало).
10.00	«Сегодня».
10.25	Сериал. «КАРПОВ». «Переворот» (продолжение), «Схватка», «Для друга».
13.00	«Сегодня».
13.25	«Чрезвычайное происшествие».
14.00	«Место встречи».
16.00	«Сегодня».
16.30	«За гранью».
17.35	«ДНК».
18.40	Олег Штефанко, Анна Большова, Алексей Булдаков, Нина Гогаева в детективном сериале «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ». «Братья» (начало).
19.00	«Сегодня».
19.45	Сериал. «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ». «Братья» (продолжение).
21.35	Премьера. Александр Устюгов, Владимир Верёвочкин, Геннадий Смирнов, Владимир Селезнёв в остросюжетном сериале «МЕТОД МИХАЙЛОВА». «Хороший ребёнок», «Срочный пациент».
23.40	«Основано на реальных событиях». «Похищение русских детей». 4-я серия.
0.30	«Сегодня».
0.40	«ЧП. Расследование».
1.15	«Захар Прилепин. Уроки русского».
1.45	Алексей Нилов, Максим Дахненко, Лукерья Ильяшенко, Сергей Волков в остросюжетном сериале «ВЫСОКИЕ СТАВКИ. РЕВАНШ». 15-я серия, 16-я серия (заключительная).
3.55	Максим Фомин, Алексей Титков, Ромна Нечаев, Виталий Кононов в остросюжетном сериале «ГОНЧИЕ». «Покер на четырёх тузах». 3-я часть. 4-я часть (заключительная).
5.30	«Главная дорога».

ЖҰМА
22 ҚАЗАН

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

2.00	Телеканал «Доброе утро» (6+)
5.00	Новости
5.05	Телеканал «Доброе утро» (6+)
6.15	«Пусть говорят» (16+)
7.15	«Жить здорово!» (16+)
8.05	«Модный приговор» (6+)
9.00	Новости
9.25	«Время покажет» (16+)
12.00	Новости (с субтитрами)
12.30	«Давай, поженемся!» (16+)
13.15	«Мужское / Женское» (16+)
14.05	«Время покажет» (16+)
15.00	Вечерние новости (с субтитрами)
15.40	«Человек и закон» с Алексеем Пимановым (16+)
16.50	«Поле чудес» (16+)
18.00	«Время»
18.30	«Три аккорда» (16+)
19.50	«Вечерний Ургант» (16+)
20.40	Премьера. Документальный фильм «Легендарные рок-промоутеры» (16+)
22.25	Екатерина Гусева, Сергей Чирков в фильме «Домовой» (6+)
0.10	Дмитрий Назаров, Марк Богатырёв, Елена Подкаминская, Дмитрий Нагиев в фильме «Кухня в Париже» (16+)
1.55	«Модный приговор» (6+)

НТВ-МИР

6.00	«Утро. Самое лучшее».
7.25	«Чрезвычайное происшествие».
8.00	«Сегодня».
8.25	Владислав Котлярский, Николай Козак, Степан Рожнов, Виктория Тарасова в детективном сериале «КАРПОВ». «Слишком живой для мертвеца», «Нежить» (начало).
10.00	«Сегодня».
10.25	Сериал. «КАРПОВ». «Нежить» (продолжение), «Чужая земля», «Признание».
13.00	«Сегодня».
13.25	«Чрезвычайное происшествие».
14.00	«Место встречи».
16.00	«Сегодня».
16.30	Премьера. «Мои университеты. Будущее за настоящим».
17.30	«Жди меня».
18.25	Олег Штефанко, Анна Большова, Алексей Булдаков, Нина Гогаева в детективном сериале «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ». «Иноходец» (начало).
19.00	«Сегодня».
19.45	Сериал. «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ». «Иноходец» (продолжение).
21.25	Премьера. Сериал «МЕТОД МИХАЙЛОВА». «Звёздный мальчик», «Под скальпелем» (заключительная серия).
23.30	«Своя правда» с Романом Бабаёном.
1.25	«Мы и наука. Наука и мы».
2.25	Максим Фомин, Алексей Титков, Роман Нечаев, Виталий Кононов в остросюжетном сериале «ГОНЧИЕ-2». «До первой крови».

СЕНБІ
23 ҚАЗАН

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

3.00	Телеканал «Доброе утро. Суббота» (6+)
6.05	«Умницы и умники» (12+)
6.45	«Слово пастыря» (6+)
7.00	Новости
7.30	«На дачу!» с Наташей Барбье (6+)
8.25	«Видели видео?» (6+)
9.00	Новости
9.15	«Видели видео?» (6+)
10.55	«ТилиТелеТесто» с Ларисой Гузеевой (6+)
12.15	«Алёша Попович и Тугарин Змей». Анимационный фильм (6+)
13.35	«Кто хочет стать миллионером?» с Дмитрием Дибровым (12+)
14.50	«Ледниковый период». Новый сезон (6+)
18.00	«Время»
18.20	«Сегодня вечером» (16+)
20.25	Фильм «Выше неба» (18+)
22.10	Алексей Гуськов, Оксана Фандера, Тимофей Трибунцев в комедии «Вечная жизнь Александра Христофорова» (16+)
23.55	Никита Михалков, Николай Томашевский в фильме «Приключения Кроша» (6+)
1.20	«Модный приговор» (6+)
2.10	«Давай, поженемся!» (16+)

НТВ-МИР

6.10	Владимир Фекленко, Светлана Брюханова, Алексей Моисеев, Александр Воеводин в детективном сериале «МУХТАР. НОВЫЙ СЛЕД». «Немой свидетель», «Дурное воспитание».
8.00	«Сегодня».
8.20	«Смотр».
8.55	«Поедем, поедим!»
9.35	«Готовим с Алексеем Зиминным».
10.00	«Сегодня».
10.20	Эдуард Флёров, Александра Комиссарова, Руслан Корнеков, Антон Филипенко в сериале «АГЕНТСТВО СКРЫТЫХ КАМЕР». «Чужой среди своих», «Тайник».
11.35	«Главная дорога».
12.15	«Живая еда» с Сергеем Малозёмовым.
13.10	«Квартирный вопрос».
14.15	«Своя игра».
16.00	«Сегодня».
16.20	«Следствие вели...»
18.05	«По следу монстра».
18.58	«Центральное телевидение» с Вадимом Тахменёвым.
20.25	«Шоумаскгоон».
23.00	«Ты не поверишь!»
0.00	«Международная пилорама» с Тиграном Кеосаяном.
0.45	«Квартирник НТВ у Маргулиса».
2.05	Максим Фомин, Алексей Титков, Роман Нечаев, Виталий Кононов в остросюжетном сериале «ГОНЧИЕ-2». «Охота на невидимку».
5.30	«Кто в доме хозяин?»

ЖЕКСЕНБІ
24 ҚАЗАН

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

3.00	Новости
3.10	Никита Михалков, Светлана Светличная, Владимир Заманский в фильме «Не самый удачный день» (6+)
4.45	«Играй, гармонь любимая!» (12+)
5.20	«Часовой» (12+)
5.50	«Здоровье» (16+)
6.45	«Непутёвые заметки» с Дм. Крыловым (12+)
7.00	Новости
7.25	Жанна Бадоева в проекте-путешествии «Жизнь других» (12+)
8.10	«Видели видео?» (6+)
9.00	Новости
9.10	«Видели видео?» (6+)
10.25	Премьера. «Человек с тысячей лиц» (12+)
11.20	Фильм Никиты Михалкова «Сибирский цирюльник» (16+)
14.15	Премьера. «Порезанное кино» (16+)
15.10	«Три аккорда» (16+)
16.35	Шоу Максима Галкина «Лучше всех!». Новый сезон (6+)
18.00	«Время»
19.00	«Что? Где? Когда?» Осенняя серия игр (12+)
20.00	Премьера. «Вызов. Первые в космосе» (12+)
20.55	Комедия «Давай разведёмся!» (16+)
22.35	Владимир Познер и Иван Ургант в проекте «Германская головоломка» (18+)
23.25	Амбарцум Кабанян, Александр Кузнецов, Сергей Юшкевич в фильме «Танец с саблями» (16+)
1.00	«Модный приговор» (6+)

НТВ-МИР

6.05	«У нас выигрывают!»
8.00	Лотерейное шоу.
8.20	«Сегодня».
8.20	Юлия Юрченко, Александр Ревенко, Сергей Гурьев, Анна Котова в сериале «ЭТАЖ».
9.30	«Спор, «Затмение».
10.00	«Едим дома».
10.00	«Сегодня».
10.20	«Медицинские тайны».
10.35	«Первая передача».
11.05	«Чудо техники».
12.00	«Дачный ответ».
13.05	«НашПотребНадзор».
14.05	«Однажды...»
15.00	«Кремлёвские похороны».
16.00	«Валериан Куйбышев».
16.00	«Сегодня».
16.20	«Следствие вели...»
18.05	«Новые русские сенсации».
19.00	«Итоги недели» с Ирадой Зейналовой.
20.10	«Ты супер!» Новый сезон.
22.55	«Секрет на миллион».
0.50	«Звёзды сошлись».
2.15	Максим Фомин, Алексей Титков, Роман Нечаев, Виталий Кононов в остросюжетном сериале «ГОНЧИЕ-2». «На грани безумия» (заключительная серия).
5.45	«Их нравы».

МӘСЕЛЕ

Талқаны шыққан тағдыр

Ананың аялы алақанын, әкенің қамқорлығын сезінбей өскен балада қайдан мейірімді болсын?!



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Біраздан бері Instagram мен Facebook әлеуметтік желілерінде төбе құйқаны шымырлата шырқырап жылап жатқан бөбектің видеосы тарауда. Ол бөлмеде жалғыз. Жанында үлкендерден ешкім жоқ.

Алматының «Саялы» шағынауданындағы көпқабатты үйдегі бұл пәтерде 29 жастағы Д. есімді әйел тұрады. Кезінде балалар үйінде тәрбиеленген. Оның әлеуметтік жағдайын ескерген қала билігі пәтерді тегін берген. Мемлекеттік жәрдемақы да төленеді. Бірақ көршілерінің айтуынша, пәтерде күнде бастаңғы, күнде думан, арты күнде айқай-шу, төбелес, қарша бораған бейәдеп сөздер. Бүгінде қаншама адам баспанаға зәру, ал ол мемлекет тегін берген пәтердің паркын білмей жүр-ау.

Жас әйелдің алдыңғы 3 баласын «арактын» ортасында, қараусыз өсіп жатқандықтан, тағы да сол көрші-қолаң жүгіріп жүріп балалар үйіне өткізген екен. Одан кейінгі екі баласы жұмбақ жағдайда көз жұмған. Әйел видеода жан даусы шыға шырылдап жатқан алтыншы баласын үйде босанған, ешбір емханада тіркелмеген.

«Бүгін комиссия мүшелері – Алатау ауданы әкімінің орынбасары, аудандық білім бөлімінің басшысы, қорғаныштық бөлімінің өкілдері, учаскелік инспектор және куәгер көршілер бар, бәріміз полицияға хабарласып, төтенше жағдайлар қызметін шақыртып, пәтерге кірдік. Жедел жәрдем қызметінің дәрігерлері нәрестені мұқият қарап шықты. Туғанына 40 күн енді толған бала тым әлсіз. Іші дәрыс пісірілмей берілген жарма ботқасынан кеуіп, ісініп кеткен. Нәрестені Талғарда босанған. Әйел екі-үш күндікте ғана үйіне оралып, бөтелкелес достарын кезіктіріп, азаматтық некедегі



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ең асқақ арман

«Бірінші курс. Қыс мезгілі. Маған балалар үйіндегі шырша мерекесіне Аяз ата болу туралы ұсыныс түсті. Бірден келісе кеттім. Ойладым, кішкентай бүлдіршіндердің алдында аппақ сақал жапсырып алып, екі ауыз тақпақты айтып шығу сөз бе екен деп.

Мені, яғни Аяз атаны көрген балалар мәз. Сыйлық үлестіретін кез келгенде олар бірінен соң бірі құлдырандай жүгіріп келіп, алдыма тұра қалып тақпақтарын айта бастады. Тақпақтан соң бәрі, ойласып қойғандай, құлағымның түбіне тақалып келіп жаңа жылда орындалса деген арманын сыбырлап айтып кетіп жатты. «Анамды немесе әкемді тапсам, әйтпесе олар мені тауып алса екен!» – бәрінің құпиялап айтқан арманы осы еді.

Жаңажылдық ертеңгілік аяқталған соң мен оңаша барып темекімді үсті-үстіне сора бердім, сора бердім, сосын егіліп жылай бердім, жылай бердім».

(Балалар үйінде болған студент жігіттің естелігінен).

ЖАЗМЫШ



Рая
ЕСКЕНДІР

Күнде таңертең үстінде аула сыпырушының сәбіз түсет арнайы киімін киген, шағын денелі әйелді жиі көремін. Ұзын сыпырғышын қыса ұстап, қолдан жасалған арбасын сүйретіп бара жатқаны... Жыға танымаса да, амандасып қояды.

Өткенде осы кісімен танысудың сәті түсті. Қоқыс қалдығын тастауға шыққан бетім. Бір кезде қоқыс жәшігіне еңкейіп, бірдеңе іздеп жатқан кісіге көзім түсті. Басын көтерген кезде ғана таныдым, әлгі аула сыпырушы әйел екен. Қолымдағы қалтаны көрсеттім.

– Оны не істеймін? – деп дүңк етті. «Нанның қалдығы ғой» деп жатырмын.

– Жоқ, маған картон керек. Қағаз жәшік болса, қоқысқа тастамай, шетіне қойып кет. Күнде екі мезгіл келіп, осылай жинап әкетемін, – деген әйел демалып алуға ниет танытты. Әлгі қылығына қысылды ма, таныс кісіше шешіліп, әңгіме айтуға кірісті. «Есімім – Ажаркүл. Қала іргесіндегі ауылданмын. Осында көшіп келгеніме біраз жыл болды. Жастайымнан жетімдіктің азабын аз тартпадым. Ауылдағы ағайынның мал қорасын тазалап, сиырын сауып, күн көрдім. Оқуым да нашар болды. Арқасүйер ешкімім жоқ. Алдымда үлкен ағам бар еді, ішімдікке салынып кетті. Өлі-тірісі белгісіз. Содан ауылдағы алыс ағайынымыздың қолында өстім. Көрсетпегені жоқ. Кейін осында кетіп қалып, көзім ашылды. Көрші тұратын дүкенші әйелдің бір ауыз сөзі болмағанда, сірә, бәріне көніп жүре берер ме едім? Бір ауыз сөз өмірімді мүлде өзгертті. Ол кісінің маған жаны ашыса керек. Бір күні тоқтатып алды да, «Сенің осы жүрісің не? Неге қалаға кетіп қалмайсың, оқуға түсер едің. Басқа да кәсіп бар ғой. Ауылда қашанғы осылай жүресің?» дегені. Онсыз да әзер шыдап жүргенде керегі де осы еді. Маған бұл сөз тіпті қамшы болды. Содан ешкімге жөнімді айтпастан бір түнде жиналдым да, қашып кеттім. Мені мұнда кім тосып отыр дейсің, көп қиындық көрдім. Әйтеуір не керек, иманы бар бір әйелге жолықтым. Құдайға қараған кісі екен. Танымасам да, соңынан ілестім. Сырты дуалмен қоршаулы үлкен бір үйге әкелді. Ішінде екі-үш әйел жүр екен. Етжеңді әйелді шақырып, «мына қыз саған көмекші болады» деді. Үстіме жаңа киім, төсек-орын берді. Тамағым тоқ, ұйқым тыныш. Бұдан басқа не керек? Жалақы туралы сөз етпедім. Бірдеңе бүлдіріп алармын деп барынша сақ жүрдім. Көп уақыт өтпей, керемет көрпе тіккіш болып шыға келдім. Өмірімде ине-жіп ұстап көрмесем де, менен мықты тігінші шықты. Содан не керек, тапсырыспен күніне бірнеше матрас тігеміз. Оларды қожайын әйел бір жаққа тиіп әкетеді. Кейде екі-үш көрпені қайыра алып келеді. Қабылдамағанын сезе қоямыз. Ондай сәтте көрпені бұрқ еткізіп, алдымызға лақтырып

АУЛА СЫПЫРУШЫ ӘЙЕЛ

Соқтықпалы, соқпақты талай тағдырды бастан өткерген осынау жанға жазмыштың тартар тағы қандай сын-сынағы бар?..



Суретті түсірген
Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ

тастайды. Темекісін бұрқыратып, біреулерді орысшалап боқтаумен болады. Не керек, Жанна тәте адамгершілігі мол, жақсы адам еді ғой. Менің қалаға үйреніп, тәжірибе жинақтауыма көп еңбегі сіңді. Жетім қыз екенімді естіген соң тіпті жылылық танытты. Қысқы киім, етік әперді. Өзінің сыймай қалған киімдерін маған ғана беретін. Өмірімде ұстап көрмеген әдемі сәмке, қолғап, жылтыр белдік, сағат дейсің бе, әйтеуір иығым жаңарып шыға келген еді. Ондайда қасымдағы әйелдер қызғаныштан жаратпай қалатын. Өмірімнің он жылы сол босағада өтіпті. Бәлкім, жүре берер ме едім? Қожайын әйеліміз аяқ астынан көз жұмып, өмірімде жетімдіктің азабын қайта тартқандай болдым. Көп ұзамай көрпе сақтайтын қойма өртеніп, менің ол жерден біржолата кетуіме тура келді», – деді.

Жылы орны суыған соң Ажаркүл күнкөрістің қамымен қаладағы базарларды жағалап күнін көріпті. Оны өзі былайша баяндады: «Үлкен базарда жұмыстың түрі көп. Тұрақты болмаса да, аздаған тиын-тебенге жұмыс табуға болады. Бірден жалданып жұмыс істей бастадым. Саудагерлердің сататын сәбізін жуып тазалап беремін. Батпағын тазалаған соң қыпқызыл боп шыға келеді. Оның үстіне, таза сәбіздің бағасы да қымбаттау. Бірақ қыстың күні сәбізді тазалау оңай емес. Қо-

ерімен қосылып ішкен», – деп жазды Алатау аудандық «Бақытты отбасы» орталығының жетекшісі Ақмарал Басирова әлеуметтік желідегі парақшасында.

Әйелдің үш баласы балалар үйінде. Енді тұмай жатып маңдайына тағдырдың қиғаш ізі түскен мына бейкүнә сәби де сонда өткізіле ме?

Иә, әлеуметтік желіде безбүйрек әйелді жерден алып, жерге салып жатырмыз. Ал оның түп тамырына үңіліп көрсек, жағдай одан да ауыр.

Бәлкім, бала кезде кеудесінде қалған өксік, үлкендерге деген ыза-кек, психикалық жарақат осы жолға әкеп тіреген болар. Әрине, біз бейкүнә, қорғансыз сәбиді жалғыз қалдырып, қыдырып кеткен әйелді қорғап, арашалаудан аулақпыз. Бір шаранаға зар болып, жылдап зарыға күтіп, ЭКО-ға да бар ақшасын төгіп жүрген ерлі-зайыпты қаншама! Ал бұл болса, бала қадірін сезініп жатқан жоқ. Өзі ата-аналық құқығынан айырылған деседі. Онсыз да тағдыры талқан болған бейбақ қой. Жалпы, жетімдер үйінен шыққан көп баланың түзу жолмен жүріп кетуі екіталай дейді мамандар. Оны мына өмір дәлелдеп-ақ келе жатыр. Көбісінің әкешесі араққа салынып, есірткіге есін бергендер, түрмеге түскендер. Ген де жібермейді ғой. Ертең бұл әйелдің балалар үйіне өткізілген үш баласы да өз әке-шешесінің өмірін қайталамасына кім кепіл? Ананың аялы алақанын, әкенің қамқорлығын сезінбей өскен балада қайдан мейірімді болсын?!

Мен балалар үйлері туралы кезінде көп жазғам. Осы орайда бір оқиғаның есіме түсіп отырғаны. Бірде тәрбиешісіне жүгіріп келген 6 жастағы Насихат деген бүлдіршін: «Айтыңызшы, мама деген қандай болады?», – деп сурағанда 25 жылдық тәжірибесі бар тәрбиешінің өзі жауап таппай, жүрегі тілім-тілім болып, жылап қалғаны бар еді.

Иә, мемлекет қамқорлығындағы баланың көйлегі көк, тамағы тоқ, төсегі салулы. Түрлі қайырымдылық ұйымдары жыл сайын үйіп-төгіп сыйлық әкеп, үлестіріп жатады. «Дайын асқа тік қасық». Былайша айтқанда, масылдық пиғыл басымдау секілді ме, қалай? Бәлкім, бізге балалар үйіндегі тәрбиелеу тетіктерін өзгерту керек шығар?..

Жасы 50-ден енді асқанымен, шашы ағарып, бет-жүзін әжім басқан Ажаркүлдің бір кездегі ажары қандай болды екен?... Соқтықпалы, соқпақты талай тағдырды бастан өткерген осынау жанға жазмыштың тартар тағы қандай сын-сынағы бар?.. «Әйел 40 шырақты» деуші еді. Бәлкім, бір шырағы болса да жанатын кезі әлі алда шығар...



ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

Жазыл да, ұтып ал!

Құрметті оқырман!

2022 жылға баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға бір жылға жазылу керек.

2021 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектің көшірмесін «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгісі бар конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61 немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөнізді және мекенжай мен байланыс телефонның көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС және «Дауыс» ЖШС.

2022 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектері бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Тек бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2022 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2022 жылдың 3 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 12 қазандағы №4/494-896 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 2) тармақшасының, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2021 жылғы 26 тамыздағы қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Алматы қаласы бойынша Департаменті» мемлекеттік мекемесіне әкімшілік ғимарат салу үшін, Алматы қаласының Алмалы ауданындағы, Байзақов көшесі бойында орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кенсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Б.САҒЫНТАЕВ.

Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы «12» қазандағы №4/494-896 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Цуркан Людмила Викторовна	20-311-014-303	Абай даңғылы, 107/1, 4 жай	0,0024
2	Тайтүлеев Дулат Муратович, Тайтүлеева Саня Мамбековна	20-311-014-345	Абай даңғылы, 107/1, 2 жай	0,0022
3	Баканов Мухтай	20-311-014-293	Абай даңғылы, 107/1, 6 жай	0,0023
4	Айманов Талгат Каракулович, Айманова Айгуль Абасевна	20-311-014-287	Абай даңғылы, 107/1, 38 пәтер	жалпы – 0,0134, үлесі – 0,0095
5	Абабков Станислав Михайлович	20-311-014-287	Абай даңғылы, 107/1, 11 жай	жалпы – 0,0134, үлесі – 0,0020
6	Шарамков Валерий Васильевич	20-311-014-287	Абай даңғылы, 107/1, 9 жай	жалпы – 0,0134, үлесі – 0,0019

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy»

Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

Күзгі фестиваль



Көктөбенің бөктерінде демалыс күндері Oktober fest шарасы ұйымдастырылды. Түрлі бизнес қауымдастықтарының басын қосқан іс-шараға қала тұрғындары мен кәсіпкерлікке қызығушылық танытқан жастар қатысты. Түрлі салада жетістікке жеткендер тегін шеберлік сағатын өткізді. Олар бизнес бастау барысында бастан өткерген түрлі қиындықтарымен бөлісіп, көпшіліктің сұрағына жауап берді. Фестиваль аясында отандық кәсіп иелерінің көрмесі қойылды. Олардың арасында тамақ өнеркәсібінен бастап, соңғы уақытта трендке айналған бұйымдар да қойылды. *«Шараның мақсаты – өзіміздің отандық кәсіпкерлікті дамыту. Оның ішінде креативті индустрия қазір елімізде ғана емес, әлемде өзекті. Күн өткен сайын әр саланың жаңа қыры ашылып, жан-жақты даму үстінде. Осы орайда, жастар өздерін қызықтырған сұрақтарына жауап алды. Осылайша ашық аспан астында бас қоспағалы көп болыпты»,* – деді ұйымдастырушы Ілияс Нұрмұханбетов. Немістердің дәстүрлі мерекелерінің бірі – Октоберфест. Бұл мейрамының шығу тарихы да қызықты. Бұл Бавар тағының мұрагері кронханда I Людвиг пен ханшайым Тереза Саксонскаяның неке киуынан басталған. 1810 жылдың 12 қазаны күні хан әулетінің тойы жалпы-халықтық мерекеге ұласады. Бұл тойға күллі қала тұрғындары шақырылған болатын. Олар қала сыртындағы алаңқайға шығады. Бұл көгалды алаңқайды кейін ханшайымның құрметіне Тереза алаңқайы деп атап кеткен. Тойда мюнхендіктер үшін тегін сыра таратылып, ат бәйгесі ұйымдастырылады. Бұл мейрамның хан әулетінің ойынан шыққаны соншалық, Людвиг Октоберфест мейрамын жыл сайын осылай атап өту туралы бұйрық шығарады. Жылдар өткенімен ежелгі дәстүр сол күйінде сақталып, оған тек әр жылдары түрлі жаңашылдықтар енгізіліп отырды.

Ақтолқын ТҮРЛЫҒАЗЫ.

Келеңсіз көрініске тосқауыл



Әсел
ДАҒЖАН

Елімізде ит айқасын өткізуге заңнамалық түрде тыйым салынбақ. Бұл туралы ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Әлия Шалабекова Мәжілісте «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» заң жобасын таныстыру кезінде айтты.

«Заң жобасы жануарларға қатысты келеңсіз көріністерге тосқауыл қояды. Мұндай көріністерге, атап айтқанда, ит төбелестіру, анестезиясыз ветеринариялық операциялар жүргізу, жануарларды өлтіргені үшін жазасыз қалу, жануарларды аш ұстау және оларға уақытында көмек көрсетпеу, қатыгездікпен аулау, жезуге және өнім алуға арналмаған жануарлардың еті мен

майын пайдалану жатады», – деді вице-министр.

Оның айтуынша, заң жобасының ережелерін іске асыру үшін қолданыстағы заңнамаға, атап айтқанда, Қылмыстық кодекске, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске, Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы, Ветеринария туралы, Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет. «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» заң жобасын қабылдау Қазақстанның прогрессивті, заманауи мемлекет ретіндегі имиджін нығайтады, барлық тіршілік иелеріне адамгершілік пен ізгі қарым-қатынасты қалыптастыруға, үй жануарларына қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға мүмкіндік береді деп санаймыз», – деп түйіндеді вице-министр.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB–редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Alataу Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.



«ҚАЗАҚСТАНДА ӘРКІМ МАҢЫЗДЫ!»

Елімізде 2021 жылдың 1 қыркүйегі мен 30 қазаны аралығында жалпыұлттық халық санағы өтіп жатыр



15 қазанға дейін онлайн–санақтан өтіңіз!

**ХАЛЫҚ САНАҒЫ
2021
ПЕРЕПИСЬ НАСЕЛЕНИЯ**

САНАҚ ПАРАҚТАРЫ

**ТҰРҒЫН ҮЙ
ЖАҒДАЙЛАРЫ**

2-Ж БЛАНКІ

8 СҰРАҚ

- Тұрғын үй типі
- Жалпы ауданы
- Сүмен жабдықтау
- Жылыту
- Бөлмелер саны

**ҚАЗАҚСТАНДА
ТҰРАҚТЫ ТҰРАТЫНДАР
ҮШІН**

3-И БЛАНКІ

40 СҰРАҚ

- Жынысы
- Туған күні
- Ұлты
- Білім деңгейі
- Некедегі жағдайы

**ҚАЗАҚСТАНДА
УАҚЫТША ЖҮРГЕНДЕР
ҮШІН**

4-В БЛАНКІ

11 СҰРАҚ

- Жынысы
- Азаматтығы
- Тұрақты тұратын елі
- Қазақстан Республикасына келу мақсаты

АПТАЛЫҚ ЖҰЛДЫЗ–ЖОРАМАЛ (14–21 қазан)

ТОҚТЫ (21 наурыз – 20 сәуір)

Өмірлік мақсаттарыңызды айқындап, жоспарларыңыз жазылған тізімді жаңартатын кез келді. Орындалмас армандарды шетке ысырыңыз. Сіздің есебіңізден тамақтануды жөн көретін достарыңыздың арқасында қаржылай қиындыққа тап боласыз. Сүйіктіңізбен көптен бері сөзіңіз жараспай жүр. Сондықтан бұл күндері оны кездесуге шақырғаныңыз жөн.

ТОРПАҚ (21 сәуір – 21 мамыр)

Жұлдыздар осы аптада денсаулығыңызға ерекше көңіл бөлу керектігін ескертеді. Жұмыста және отбасында кейбір келенсіз жағдайлар болуы мүмкін. Азғантай кедергілерге бола жүйкеңізді жұқартпаңыз. Бастысы, дем алып, көңіліңізді көтеретін, өзіңізге ұнайтын шаруамен айналысыңыз.

ЕГІЗДЕР (22 мамыр – 21 маусым)

Демалыс күндері ерекше романтикалық сезімде боласыз. Сапарлар, кездесулер, танысулар бәрі-бәрі сіз ойлағандай болады. Бұрынғы қарым-қатынасты қалыпқа келтіруге тырысушылар тарапынан біраз түсініспеушіліктерге жол берілуі мүмкін. Соның салдарынан енді беті бері қарай бастаған сүйіктіңізбен арада кикілжің туындайды. Сақ болыңыз.

ШАЯН (22 маусым – 22 шілде)

Отбасында жарасымды көңіл күй қалыптасады. Балаларыңызбен қол ұстасып, таза ауада, саябақта серуендеуге таптырмайтын уақыт. Қаржылық мүмкіндігіңіз артады. Көптен бері көкейде жүрген бағалы затты сатып алуыңызға болады.

АРЫСТАН (23 шілде – 23 тамыз)

Демалыс күндері сапарға шығуыңыз мүмкін немесе сынақтарға ұшырауыңыз ғажап емес. Орын алатын кейбір жағдайлар сіздің моральдық жағдайыңызды дұрыстауға мүмкіндік береді. Аптаның ортасында балаларыңызға, немерелеріңізге деген мейірімділігіңіз күшейеді.

БИКЕШ (24 тамыз – 22 қыркүйек)

Аптаның басында бикештердің тәуекелге баратын істерге араласпағаны жөн. Әңгіме тек ақша жөнінде емес, барлық іске қатысты. Кез келген іс сізге соққы болып тиюі мүмкін. Аптаның ортасында демалуыңызға және ем-дом қабылдауыңызға болады.

ТАРАЗЫ (23 қыркүйек – 22 қазан)

Таразылар осы күндері өздерінің жолдас-тарының немесе әріптестерінің тірлігіне қатты қуануы мүмкін. Егер де сіз жаю жүретін адам болсаңыз, онда көңіліңіз ұнатқан жанмен автобуста немесе мейрамханада танысасыз. Және де бұл күн сіз үшін сапарға шығуға қолайлы екенін де естен шығармаңыз.

САРЫШАЯН (23 қазан – 21 қараша)

Сіздің туысқандарыңыздың біреуіне көмегіңіз ауадай қажет болуы мүмкін. Өз денсаулығыңызға да көңіл бөлгеніңіз жөн. Сүйікті жарыңызбен бірге жүріп үйдің барлық шаруасын істейсіз. Қазіргі кез үйіңізді жана сән үлгісіндегідей жасауға қолайлы.

МЕРГЕН (22 қараша – 21 желтоқсан)

Осы аптада жақындарыңыздың үйіне қонаққа барасыз немесе үйіңізге көп қонақ келеді. Қалай болса да, туған-туыстарыңызбен қарым-қатынасты ретке келтіргеніңіз жөн. Ал кешке сүйіктіңізбен ренжісесіз. Ол сіздің ғаламторға көп уақыт бөлетінінсізге өкпелеуі мүмкін.

ТАУЕШКІ (22 желтоқсан – 20 қаңтар)

Аптаның басы тауешкілер үшін үйде жөндеу жұмыстарын жүргізуге қолайсыз кез. Техникалық жабдықтауға жақсылап қараңыз, әйтпесе күтпеген жерден «тосын сый» алуыңыз ғажап емес. Күннің ортасына қарай жағдай жақсы жағына қарай біраз өзгереді. Үйіңізге кикілжің орын алса, неғұрлым сабырлы болғайсыз.

СУҚҰЙҒЫШ (21 қаңтар – 19 ақпан)

Демалыс күндері суқұйғыштардың қарым-қатынасында өзгерістер орын алуы мүмкін. Бәлкім, сіз өзіңіз араласып жүрген адамыңызбен қатынасыңызды үзіп, бизнесті жаңа досыңызбен бастауыңыз ғажап емес. Дегенмен, арада санаулы күндер өткен соң сізге жаңа танысқан досыңыздың әңгімесі қызық емес екеніне көзіңізді жеткізесіз.

БАЛЫҚТАР (20 ақпан – 20 наурыз)

Сізде аптаның соңына таман қаржылай қиындықтар туады. Ақшаңызды қолайлы жерде ұстағаныңыз жөн, әйтпесе ұрылардың уысында кетіп қалуы мүмкін. Арзымайтын дүниелерге ақшаны ысырап етпеңіз. Біреуге қарызға ақша беруді де уақытша тоқтата тұрғаныңыз дұрыс.

Әзірлеген Ақтолқын ТҰРЛЫҒАЗЫ.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Премьераға қолдау

«Қазақфильм» киностудиясы көрнекті акын Мұқағали Мақатаевтың өмірі туралы картинаның прокатқа шығуына орайластырып, челлендж бастады.

– Достар, біз «Мұқағали» фильмінің премьерасына арналған челленджді жалғастырамыз. Видеода басты рөлді ойнаған актерлердің бірі – ҚР еңбек сіңірген қайраткері Бауыржан Қаптағай, – деп хабарлайды киностудияның баспасөз қызметі.

Челленджге қатысу үшін @kazakh-film official бетін және #Мұқағали-фильм #Мұқағали90 #Премьерамұқағали хэштегтерін белгілеп, акынның ұнаған шығармасын тандап, жатқа оқып, онымен бөлісе аласыз.



Зияткерлік сайыс

Алматы хайуанаттар бағы жануарларды қорғау күніне арналған зияткерлік сайысты қорытындылады.

Айта кетерлігі, Жануарларды қорғау күні бүкіл әлемде 4 қазанда атап өтіледі. Ол бізге жануарлар алдындағы жауапкершілікті еске салады.

– Байқауға Қазақстанның әр өңірінен 1123 адам қатысты. Олардың қатарында Қызылорда, Орал, Шымкент, Атырау, Тараз, Маңғыстау, Көкшетау, Қарағанды, Павлодар, Алматы қалалары бар, – делінген хайуанаттар бағының хабарлама-сында.

Байқаудың 10 сұрағына 70-ке жуық мектептің 800-ден астам оқушысы және жоғары оқу орындары мен колледждердің 300-ге жуық студенті мен табиғат жанаушылары жауап берген. Барлық қатысушыға сертификат табыс етілді, 100-ге жуық жүлдегерге диплом берілді.

Экологиялық челлендж

Шаһарда экологиялық челлендж іске қосылды. Акцияның мақсаты – аула аумақтарын тазалау, ағаш отырғызу және кесу. Іс-шараны бірден қаланың төрт шағын ауданы қолдады.

Өткен демалыс күндері іс-шара Әуезов ауданының төрт ықшамауданында бірден қолдау тапты. Барлық санитарлық ережелерді сақтай отырып өткен сенбілікке кооперативтер мен қарапайым серіктестіктер басшылары, сондай-ақ тұрғындардың өздері шықты. Аудан әкімшілігі әр ықшамауданда 20-ға жуық емен ағашы отырғызылғанын хабарлады. Сенбілікке қатысушыларға құрал-саймандар, қолғап пен қоқысқа арналған қап берілді.

Дамумен рухтанған көрме

Қалада смарт-технология мүмкіндігінен шабыт алған заманауи суретшілер жұмыстарының көрмесі ашылды.

Көше суретшілері Мұрат Ділманов пен Борис Климовтың өнер нысандары классикалық экспозицияның барлық шекарасын бұзды. Ерекше туындылар болашаққа ашылған есік іспеттес әсер қалдырады. Олар өнер, технология және қиял үшеуін біріктіреді. Көрменің мақсаты – жаңа технологиялар ұсынатын шексіз мүмкіндікті көрсету.

«Art of the new Technologies» жобасы аясында алматылықтар Мұрат Ділмановтың

«Абай» инсталляциясын, Борис Климовтың «Дали» мүсінін және және REPAS суретшілері ұсынған көше суреттерін көре алады.

– Абай – қазақ халқы үшін даналық нышаны. Мен өз жұмысымда ұрпақтар арасындағы байланысты көрсеткім келді. Жастарға өсіп, жетілу үшін ешқашан кеш болмайтынын айтып, бабалардың білімі мен ақылына жаңа технологиялар мүмкіндігін қоса отырып, даму керектігін жеткізім келді, – деді суретші Мұрат Ділманов.

Әзірлеген Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.